



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады
№16-17
(900-901)
6 мамыр
2022 жыл

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

ЕЛІМНІҢ ҚОРҒАНЫ



ҚҰРМЕТ

ҮМІТІН ҮЗБЕГЕН ӨРНЕК



Өмір бір айналдырса, шыр айналдырады. Айналаға қарайықшы, мүмкіндігі шектеулі жандар аз емес. Бірақ көпшілігі тағдырдың талайына көніп, өз мәселесін үнсіз ғана шешуді жөн көреді. Сондай ер азаматтың бірі – Берекет Ақжігітов.

(Жалғасы 6-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Парламент Сенатының депутаты Ләззат Сүлеймен өңірлерді аралау кезінде Алматы облысының жұртшылығымен кездесу өткізген болатын. Жүздесу кезінде ол жоспарлы форматтан бас тартып, кездесуге келген адамдармен ашық әңгімелесті. Осыны күткен сайлаушылар да өзекті мәселелерді халық қалаулысының алдына төтесінен қойды.

Сенатор Ләззат Сүлеймен кездесуде адамдардың түйткілді мәселесінің оңтайлы шешілуіне себепкер болып, жергілікті басқарушы билік пен халық арасындағы байланыстың орнауына дәнекер болды. Айта кетейік, жақында Сенатта өткен балалар құқығына қатысты заң жобасын талқылау отырысында Ләззат Жаңылысқызы баяндама жасап, кибербуллингтен келер қатердің алдын алып, жолын бөгеуге қатысты да мәселе көтерген болатын.

Құрметті оқырман енді Сенатор Ләззат Сүлейменмен жүргізген сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

Ләззат СҮЛЕЙМЕН, Сенат депутаты:

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ» ҚҰРУДЫ ӨРКІМ ӨЗІНЕН БАСТАУЫ КЕРЕК

Jas qazaq: Ләззат Жаңылысқызы, сіз жұмыс бабымен өңірлерді аралау барысында Алматы облысының Алакөл, Ақсу, Сарқан аудандарында болдыңыз. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерімен, жергілікті тұрғындармен кездескен кездегі қойылған мәселелер алдағы уақытта қалай шешілмек? Бұқара халықтың кезек күттірмейтін сұрақтары көп екеніне тағы бір көзіңіз жеткен шығар?

Ләззат Сүлеймен: Түйткілді мәселе, түйінді шаруа деген жетіп артылады. Атқарылар жұмыстың салмағы да ауыр, сондықтан да білек түрініп жұмысқа кірісу қажет. Жоғарыда аталған үш ауданның халқымен кездесудегі әңгіме шынында да қызу болды.



(Жалғасы 3-бетте)

АҚЖОЛТАЙ



Қапшағай қаласының атауы ресми түрде Қонаев болып өзгерді



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
111,08

DOLLAR
429,42

EURO
452,55

РУБЛЬ
5,7

ЖАЗ МЕЗГІЛІН
КРИТТЕ ТОЙЛАЙЫҚ

air astana

АУЫЗ СУ

2025 жылдың соңына дейін халықтың 100 пайызы таза ауыз сумен қамтылуы керек. Әкімдіктер тарапынан ауыл-қалаларда тиісті инфрақұрылымды тарту жұмыстарына ерекше мән берілсін. Үкімет отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов осылай деп атап көрсетті.

қаржыға құбыр төселген. Құдай біледі, бұл жалғыз Тастыбұлақ тұрғындарының басындағы жағдай емес. Себебі әр-әр жерден «су-у» деген шулаған жұрттың жанайқайы октын-октын естіліп қалады. Сонымен бұл жиында не айтылды? Сусаған жұрт қашан тыныш табады? Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев Мемлекет басшысының таза ауыз суға

бойынша барлығы 6302 ауылдық елді мекен бар. Оның 4759-ы сумен жабдықтау қызметтерімен қамтылған. 511 ауылды орталықтандырылған су жүйесімен жабдықтайтын құрылыс жұмыстарын жалғастыру жоспары бар. Осы кезге дейін су құбыры желілері әкімдіктердің немесе білікті мамандары мен арнайы мамандандырылған техникасы жок кәсіпорындар мен ұйымдар иелігінде.

275 ауылда сумен жабдықтау желілеріне әкімдіктер тарапынан қызмет көрсетілсе, 335 ауылда бұл жұмысқа бейінделмеген кәсіпорындар қызмет көрсетеді. Бұл желілердің жылдам тозуына әкеп соғады және қайта қалпына келтіру үшін қосымша шығынды талап етеді. Осыған байланысты министр «Бір аудан — бір кәсіпорын» қағидаты бойынша, су арналарын ірілендіруді ұсынды. Сонда көрсетілетін қызмет сапасы мен жұмыс тиімділігін арттыруға болады. «Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жарғылық капиталын ұлғайту арқылы су арналарының материалдық-техникалық базасын жақсарту жөнінде шаралар қабылдауы қажет», — деді ол.

Министр кабинетінен шығып, өз көзімен көрді ме, қайдам, мынадай мысал келтірді: Алматы облысы Кендала ауылында халық пайдаланып жүрген су құбыры желісі 1969 жылы салынған. Әлбетте, жанаалауды қажет етеді. Мұндай ауылдарда су құбыры желілерін кеңейту жұмыстарын жүргізу үшін бюджеттен шамамен 40 млрд теңге бөлінуі керек. Тағы бір «ноу-хау» — ауылдарды сумен қамтамасыз ету барысына мониторинг жасау үшін интерактивті карта

әзірленіпті. «Карта ғаламторда қолжетімді. Онда сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз ету, қаржыландыру көлемі, халық саны, тозу деңгейі және басқа да өзекті ақпарат көрсетілген. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі біздің тұрақты бақылауымызда екенін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдар интерактивті картаны сапалы және уақыттылы толтыруы қажет», — дейді Қ.Өскенбаев.

Қысқасы, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі министрліктің тұрақты бақылауында сияқты. Мемлекет басшысының халықты бес жылдың ішінде ауыз сумен қамтамасыз ету туралы тапсырмасы кезең-кезеңмен 2025 жылға дейін орындалатынына уәде берілді.

Тастыбұлақ тұрғындары да, басқалар да осы уәденің орындалуын күтеді.

Гүлнар АХМЕТОВА

Жастар саясаты

ПӘЛСАПА НЕМЕСЕ ЖОЛЫН ОҢҒАРСЫН!

Еуропаға шаңғы жарысына барғанда үнемі мажар әріптестермен біргеміз. Сырғанақта да, тау етегіндегі дәмханада да. Білмейтіндер тіпті Чаба досымызды Қазақ елінің өкілі деп ойлап қалады. Өздері ізетті. Жасы үлкенін төрге отырғызып, қас-қабағына қарайды. Соның айтқанын екі етпейді. Бұл жағынан арғы тамыр-тегіне тартып тұрады-ау. Сірә, бізді сол шығыстан келген бауырлар деп жақын тұтса керек. Көп оқиды, көп еңбектенеді. Әсіресе, тарих пен пәлсапаға құмар.

Түркі әлемінің өткені мен бүгінін жетік білетін белгілі публицист Дмитрий Выдрин жуырда Венгрияда өткен парламент сайлауы туралы жазды. Халықаралық 500 бақылаушы кірпік қақпай қалағалаған саяси науқанда премьер-министр Виктор Орбан басқаратын ФИДЕС альянсы жеңіске жеткені мәлім. Осымен төртінші рет қатарынан. Қаптаған ұйымдар мен сорошшылардың оппозицияны қаржылай да, басқалай да қолдағанына қарамастан. Талай сайлауға саяси технолог ретінде қатысқан Выдрин мырза үкімет басшысына қарапайым һәм қалың бұқараның көбірек сенім артқанына назар аударады. Ол жетістік кілті философияда жатыр деген пікірде. Өйткені уәдеге беріктік, құнттылық, ұқыптылық, еңбекқорлық, отансүйгіштік сықылды қасиеттердің бәрі сол пәлсапаның өзегінде. Оның үстіне Кәрі құрлықтың өзге жерінде тоғанмен тілдесіп, оның үнсіз тебіренісін жазып алған ақылгөйді таба алмайсың.

Еңбекке көзқарасқа бір мысал. Мажарстанда соңғы технологиямен салынған жол 10 жыл бойы жөндеу көрмейді. Біздің ТМД аумағында бір жылдан соң қопара бастайды. Оның түк те құпиясы жоқ. Мажар құрылысшы шағал, бетон және асфальттың астына жол дәкесін төсейді. Біздің ағайын асығыстықпен не ұмытып кетеді, не қаржы мен материалды «үнемдеп», жұмысты апыл-ғұпыл бітіре салады. Содан ауыр салмақты көтере алмаған жол ортасынан опырылып түседі.

Олар тарихқа да солай қарайды. Уильям Нейпир деген бүркеншік атпен жазған ағылшын жазушысы Кристофер Харт айтулы шығармасын ғұн билеушісі Еділ (*Атилла*) патшаға арнаған. Кітапта ғұн жауынгерінің атпен құйғытып келе жатқанда, өзін өкшелеп қуған жауын көздемей-ақ жайратып салатыны баяндалады. Бұл зерттеушілер үшін көпке дейін жұмбақ болып келді. Мажар ғалымдары ұзақ уақыт бойы талмай ізденіп жүріп оның жауабын тапты. Сөйтсе, тіршілігі жылқымен біте қайнаскан көшпелі жұрттың ұланы жөбені қай кезде тартуды білген. Аттың төрт аяғы бірдей жерден көтерілген сәтте таптырмас тепе-теңдік сақталады. Садақшы да мұлт кетпейді.

Будапешт Кәрі құрлықтағы жаппай санкция дүрмегіне ермеді. Одақтастарын да тыңдамады. Бұл жерде пәлсапаны байқаймыз. Виктор Орбан өзінің ұстазы, Еуропаның аса ірі философы Иштван Бибоның «Демократия дегеніміз — қорықпау мен үрікпеу» дейтін қағидасын басшылыққа алған. Сайлау науқаны кезінде оған мынадай сұрақ қойылды: Венгрия Ресейді қолдай ма, әлде Украинаны ма? Ол тек мажарға тән мақаммен жауап берді. «Венгрия Ресейдің де, Украинаның да қамын күйттемейді. Венгрия тек Венгрияны қолдайды». Үкімет басшысы экономикалық мүддені саясатқа араластырмау қажеттігін жете түсінеді. Өйткені Мажар елі Қазақстан сияқты теңіз жолдарынан жырақта. Мұнай мен газды елге үзбей жеткізетін әрі қалтаға салмақ түсірмейтін жүйеден бас тарту өзі отырған бұтақты кесумен тең.

Бауырлас халықпен қарым-қатынасымыз жылдан-жылға нығайып келеді. Мажарлар тегіне тартып, Түркі мемлекеттері ұйымына қосылды. Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Венгрияның сыртқы экономикалық байланыстар және сыртқы істер министрі Петер Сийяртоны қабылдап, екі ел арасындағы байланыстарды талқылады. Мемлекет басшысы тамыры терең қарым-қатынасқа тын серпін беру мақсатымен Мажар еліне ресми сапармен баратынын мәлімдеді.

Көне әдебиет Hungary (*Хаңғри*) атауы мен қазақтың «оңғар» сөзінің түбі бір дейді. Ендеше, халық даналығын пір тұтатын қазақ пен мажардың өркениет көшіндегі жолын оңғарсын деп тілейік.

Срайыл СМАЙЫЛ



Аптаның алаңы

Айгүл ЖҰМАБАЕВА, Мәжіліс депутаты:



«ҰБТ түлектердің елімізден кетуіне себепші болуымен қатар, үздік оқушыларға қысым жасайтын құралға айналады. Жыл сайын мыңдаған дарынды жас ҰБТ-дан бас тартып, шетелдегі жоғары оқу орындарына кетіп жатыр».

Шындығын айтқанда, ауыз сумен қамту — жылдан-жылға жалғасып, түпкілікті шешілмей келе жатқан өткір мәселе. Бір ғана мысал келтіре кетейік. Осыдан екі жыл бұрын, коронавирус өршіп тұрған маусым айында, Алматыдағы Наурызбай ауданына қарасты Тастыбұлақ шағын ауданының тұрғындары бөрікін аспанға атып, мәре-сәре болысты. Өйткені саяжай саналатын осы елді мекеннің халқы су азабын тартып келе жатқанына көп жылдың жүзі болған. Жазда суғаруға ғана жарайтын лай судың барына шүкіршілік етсе, қыста ол да жоқ. Ауыз су тартып алғандар да қыста құбыр жарылса, алыстан тасып ығыры шығатын. Енді, міне, тура үйінің жанынан дәу құбыр төселіп жатыр. Бірі тракторшыға жалынып, метріне 20 мың теңгеден төлеп, кейбірі өзі қазып, үйіне дейін құбырды жүргізіп алды. Аса бір пысықтары есептегіш құралына дейін орнатып тастаған. Екі жыл өтті. Судың қосылатын түрі жоқ. Өйткені су тазартатын станса салынбай жатып, қыруар


қолжетімділікті 100 пайызға жеткізу тапсырмасын орындау «Қуатты өңірлер», «Ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде жоспарланғанын айтты. Министр келтірген мәлімет бойынша, 25 жылда сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз ету 96 пайызды (*қалаларда — 98,1, ауылдарда — 93 пайызды*) құрапты. Ауылды ауыз сумен қамтылудың ең төменгі деңгейі — Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында. Қалалық жерде сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз ету бойынша Жамбыл облысы артта қалып отыр.

Ауыз су тапшылығын жою үшін биыл қазынадан 215 млрд теңге бөлінген.

Қалаға — 120 млрд, ауылға — 95 млрд теңге. «Бұл жыл соңына дейін қала халқының 98,5 пайызын, ауыл халқының 94,7 пайызын сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, — деп сендіреді министр. Еліміз

ЕЛГЕ ОРАЛҒАН ҚАНДАСТАР

(2022 жыл, қаңтар-наурыз)



Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы

Аптаның талабы

Жамбыл АХМЕТБЕКОВ, Мәжіліс депутаты:



«Кейбір мәліметтерге сәйкес, BI Group жекелеген коронавирус госпитальдерін салу кезінде өңірлерде бұзылған ғимараттардың құрылыс материалдарын пайдаланған. Атап айтқанда, Атырау облысының «Опорный» кентінде ТШО қызметкерлеріне арналған жатақхана бөлшектелген. Ал құрылыс материалдары құны 5,5 млрд теңге болатын модульді коронавирус ауруханасын салу үшін Алматыға жіберілген. Жоғарыда аталған елді мекен Атырау қаласынан шамамен 300 шақырым жерде орналасқан. Шымкентте және Алматыда екі модульді аурухананың сапасыз салынғандықтан, қаражаттың орынсыз жұмсалуына байланысты іс қозғалды. Алматы госпиталін салу барысында мемлекетке шығын көлгенін аудиторлық тексеру растады. Төрге нәтижесі елі жарияланған жоқ. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті, Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу мен жобалау институты сарапшыларын тарта отырып, 2020-2021 жылдары BI Group өңірлерде салған коронавирусқа арналған нысандар құрылысының сметалық құнының сапасы тұрғысынан егжей-тегжейлі және ашық кәсіби аудит жүргізуі керек».

(Басы 1-бетте)

Кездесуге адамдар да көп жиналды. Кордаланып қалған мәселелердің шешу жолдарын нақты айтуды талап етті. Елді аралау барысындағы маңызды кездесу болғандықтан, жұртшылықтың ортасында аудан әкімдері, мәслихат хатшылары, ауылдық округтердің әкімдері де бізбен бірге жүрді. Жиналған қауым жергілікті атқарушы билік өкілдеріне де, Сенат депутаты ретінде, маған да өткір сауалдарын қойды. Сурақтарына бірден жауап алмағандар да, кейін шешілетініне үлкен үміт артатынын да айтып өтті.

Осы кездесулерде көтерілген мәселенің бәрін қағазыма түртіп, жазып алып отырдым. Кейін халық пікіріне талдау жасап, әр бағытына қарай топтап, Алматы облысының әкіміне, министрлерге және басқа да тиісті органдарға арнайы хат жібердім.

Кездесулер барысында аудан әкімдеріне халықтың талап-тілегін, мұң-мұқтажын орындауға күш салу керектігін, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдасын орындауға бәріміз міндеттіміз, — деп ел алдында айтып отырдым.

Алдымен айтылғаны — жер мәселесі. Жайылымдық жерге зәру ауыл тұрғындары үй малының жайылатын жері тапшы екенін тағы да алға тартты. Бұл мемлекет көлемінде шешімін табуы тиіс мәселе. Шаруашылық мақсатында алған жерлерін суармалы бағытта қайта рәсімдеу жұмысының да кедергісі көп екенін де айтып өтті. Әрине, бұл — заңнамалық негізде, Жер кодексінің аясында шешілетін шаруа. Сол

жатпайтынын, қажеттігіне қарай жыл сайын келісімшарттың ұзартылып отыруы тиіс екенін түсіндірдік.

Jas qazaq: Өздеріңізге халық сенімін аркалап, мандатқа ие болған соң көпшілік үміт артып келеді ғой мұндай кездесулерге. Мұқағали ақынның «күйгендіктен айтамын», — дегеніндей, тұрмыстарының тауқыметі жандарына батқан соң сіздерге шағымданып отыр ғой.

Ләззат Сүлеймен: Әрине. Қазіргі ел басындағы қиын кезеңде «Біз келіп едік» деп, қызыл сөзді көпіртіп, әдемі кездесу өткізіп, кете беру — депутаттығымызға сын. Көпшілік қойған мәселені, қалай шешуге болады, уәкілетті орындардан кімдер жауапты екенін



Ләззат СҮЛЕЙМЕН, Сенат депутаты:

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ» ҚҰРУДЫ ӘРКІМ ӨЗІНЕН БАСТАУЫ КЕРЕК

себепті жергілікті атқамінерлерге халықтың айтқан уәжін аяқ асты етпей, осы мәселені шешілуіне күш салуымыз керек. Сіз айтқан тауқыметті азайтуға ықпалым болса, өзімді бақытты сезінер едім.

Тағы бір өзекті мәселе — мүмкіндігі шектеулі жандардың жыл сайын арнайы тексеруден өтіп, өзінің мүгедек екенін дәлелдеудің қиындығы туралы айтты. Аяғы жок, қолы шолақ, көзі көрмейтін зағип жандар өзінің он екі мүшесінің бірі кем екенін жыл сайын дәлелдеуі қажет. Мүгедек адамдар осы орынсыз қиындықты заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы шешуі сұрады. Расында да, қолынан немесе аяғынан айырылған адамның келер жылы қолы, аяғы өсіп шықпайды ғой. Су қараңғы соқыр адамның көзі көріп кетуі неғайбыл, өкінішке қарай. Рас, кейбір сырқатты жазылатын науқастардың мүгедектігін жыл сайын медициналық тексеруден өту арқылы нақтылау қажеттігі дұрыс, оған келісеміз. Ал енді жоғарыда айтылғандай айқын, анық жайтқа қатысты өзі де мүгедек адамдарды облысқа, ауданға қайта-қайта сандалтып, құжат жинату жөнсіз деп ойлаймын. Бұл мәселе жөнінде денсаулық сақтау министрлігіне депутаттық сауал жолдаймын.

Jas qazaq: Әлеуметтік нысандар мен көпшілікке арналған мекемелерді аралап көрдіңіз бе? **Ләззат Сүлеймен:** Емхана, мектеп салу, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу шаруасы туралы ұсыныс өте көп. Жетісу облысы толық құрылып, әкімі тағайындалып, аппараты жұмысын бастағанда осы әлеуметтік мәселелерге қатысты проблемаларды шешу туралы ұсынысымызды айтып, талқылаймыз. Бұл бағытта көтерілген мәселелердің жедел шешілуі де қиын екені түсінікті, бірақ назарда ұстап, кезең-кезеңмен шешуге ықпал етуіміз керек.

Одан сырт тағы бір мәселе Алақөл ауданы Қабанбай ауылында «Қазпошта» бөлімшесі тар, жөнделмеген, жағдайы тозған. Пошта бөлімшесіне көбіне банкомат пайдалана алмайтын, зейнетақысын алуға зейнеткерлер келеді. Қыстың ызғарлы суығында, жаздың ыстығында да кезек күтіп сыртта тұрады.

«Қазпошта» акционерлік қоғамы басшылығына арнайы ұсыныс беріп, осы бөлімшені кеңейтіп, жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаражат бөлуді сұрадым.

Сондай-ақ, Лепсі ауылында және Сарқан қаласында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бос тұрған осындай ғимараттар тұр. Егер жергілікті әкімдікке пайдалануға берілсе, жастар, кәсіпкерлер, басқа қоғамдық істерге қолдану болар еді. Бұл мәселелер бойынша тиісті органдарға хат жолданды.

Jas qazaq: Сарқандағы кездесуде кәсіптік білім беру мәселесін қозғап, осы өңірде мамандардың жетіспеушілігі жайында, колледждердің деңгейін көтеру мәселесіне де тоқталдыңыз. Осыны тарқатып айтсаңыз.

Ләззат Сүлеймен: Сарқан ауданындағы гуманитарлық және политехникалық колледж деп аталатын кәсіптік білім беретін екі білім ошағының жұмысымен, қазіргі тыныс-тіршілігімен таныстым. Бұл екі оқу орны да ірпесі нығайған, Жетісу өңірінде кәсіптік білім беру саласында ілгерілеген колледждер болып саналады. Гуманитарлық колледж ұжымы спортзалдың жоқтығын алға тартып, заманауи үлгідегі спорттық кешен бой көтерсе деген өтінішін білдірді.

Политехникалық колледж директоры өңірге техникалық мамандарды даярлау ісіне көңіл бөліп, жоспарлы жұмысты алға бастыруға қаржы керектігін жеткізді. Орман шаруашылығы, мал дәрігерлік салаға қажетті мамандарды даярлау

Шалғайдағы ауыл халқының да бұл істен шет қалмауы үшін не істеу керек? Осы шаруа қалай өрістеп жатыр деп ойлайсыз?

Ләззат Сүлеймен: Менің ұғымымда «Жаңа Қазақстанды» құру жұмысын әркім өзінен бастауы тиіс. Өзін өзгерсең, айналған да саған қарап бой түзейсің. Былтырдан бері ауылдық округ әкімдерін халық өзі сайлау арқылы шешіп отыр. Енді аудан, облыс әкімдерін де сайлау арқылы анықтау, тағайындау жолға қойылады. Халық өзінің дауысы арқылы кімді сайлағанына да жауапты болады, өйткені ертенгі күні артылған сенімді ақтай алмаса, дауыс берген адамнан жұмыс нәтижесін өздері талап ете алады.

Президент бастамаларын халық түсініп, қолдап отыр. Алайда оны қалай жүзеге асырады, даму үдерісі қалай жүреді, ол жағын әлі тереңдей түсіндіру қажет. Халық пен билік арасындағы алшақтықты орнына келтіруге күш салуымыз керек бәріміздің. Ескі сүрлеумен, жемқорлық, формализм, жаны ашымағандықпен «Жаңа Қазақстанды» құру өсте мүмкін еместігін, екінің бірі біледі. Ал «Жаңа Қазақстанды» сырттан біреу келіп, салып бермейтіні де белгілі. Сол себепті билікте халықшыл және іскер, таза азаматтардың болуы шарт.

Реформаның, қалай жүзеге асырылатынын, ол реформадағы өз орнын еліміздің әрбір азаматы білуі тиіс. Билік халыққа қызмет ету керек, — дегенді жиі айтқанымызбен, іске келгенде қызмет етуге міндетті емеспін деген көзқарастарды да байқадым.

Осындай түйткілдің түйіні тарқатылуы Жаңа Қазақстанды құруға үлкен кадам болмақ. Елді аралап, депутаттық сапар кезіндегі кездесулерде осы мәселені үнемі айтып, атқарушы билік пен халық арасында дәнекер болуға күш салдым. Халық артық нәрсе, аста-төк дүниені талап етпейді. Қажеттісін сұрайды, соған ғана қол жеткізсем дейді. Биліктегілер осыны ұғынып, тізе қосып жұмыс істеуі ісімізді алға жылжытудың кепілі. «Халық қаласа, хан түйесін сояды» деп тегін айтпаған. Халық мәселесін шешуі талап етті ме, билік орындауы керек, заң тәртібі шеңберінде, әрине. Сонда ғана халық сеніміне кіресің. Әкімнің, бастықпын деп, қол астындағыларға жоғарыдан қарайтынның заманы емес қазір. Елмен бірлесіп, түсінісіп, қауымдасып қана бүгінгі әлеуметтік қиындықты жеңіп, даму жолына түсеміз. Шүкір, мықты азаматтарға қазақ ешқашанда кенде болмаған. Ал оларды тандап, сайлап алу заңды түрде енгізілуде.

Мемлекеттік қызметкер халықтың қызметшісі. Анау да болмайды, мынау да шешілмейді деп ауызды қу шөппен сүртетіндердің емес, мәселенің шешілу жолдарын таба білетін, елмен етене араласып, жақсы істермен абырой жинайтын мемлекетшілдік, халықшылдық көзқарасты азаматтардың уақыты қазір.

Jas qazaq: Өткенде «Кибербуллинг туралы» заң жобасын төменгі палатаға қайтардыңыздар. Басты кілтінан уәкілетті органдардың ғаламторға қолжетімділікті шектеп, жұмысын тоқтатуы турасында болды. Балаларға кибербуллинг жасалғаны туралы деректерді арнайы сарапшылар жасайтын болды. Сарапшылар құрамына кімдердің енгені дұрыс деп санайсыз?

Ләззат Сүлеймен: Иә, Парламентте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланды. Бұл заң жобасы — Мемлекет басшысының 2020 жылдың қыркүйек айындағы халыққа арнаған Жолдауында һәм Парламенттің жетінші шақырылымының алғашқы сессиясында айтылған бастамалардың бірі. Ел боламыз деп, бөсігімізді түзеуге

ұмтылған мемлекет есебінде Президент өзі бастап балалардың құқығы, олардың қауіпсіздігі, ғаламтор шырмаған қоғамда кибербуллингтен қорғаудың заңнамалық іс-шарасы қажеттігін айтып келеді. Осының негізінде заң жобасын әзірлеу барысында балаларды қорғау саласындағы халықаралық стандарттар, дамыған елдердің өнегелі тәжірибесі де ескеріліп, қажет тұсы қамтылды.

Алғаш рет қолданыстағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңға «баланы жәбірлеу (буллинг)» ұғымы енгізілді. Буллинг — қорлау сипатындағы әрекеттер, қудалау, қорқыту, бопсалау, қандай да бір әрекетке еркінен тыс мәжбүрлеу, болмаса мәжбүрлі түрде бас тартқызу. Осындай әрекеттерді бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, телекоммуникацияның басқа да әлеуетін пайдалана отырып, іске асыру — кибербуллинг екені белгілі.

Аталған заң нормасы ғаламтор әлемінде жасалатын осындай китүрқы, жымысқы әрекеттердің алдын алу, жолын бөгеге мақсатында енгізілді. Заң нормасын Сенаттың барлық комитетінің мүшелері белсенді түрде талқылап, қызу пікірталас туындады, жан-жақты сараланды. Осы мәселеге орай жұртшылықтың пікірі ескерілді.

Мұнда Заң аясында қорғаудан тыс, ата-ананың жауапкершілігі де маңызды. Баланыз күн ұзақ қандай сайтты қарайды, қандай ойын ойнап отыр, бағыты қандай, әлеуметтік желідегі белсенділігі қай деңгейде, қандай топтардың ақпараттық ағынын қарайды? Міне, осындай сауалдың жауабын қоғам ата-анадан сұрайды. Рас, ата-ана жұмыстың қамын күйттеп жүр. Бірақ бұл баланың болашағы үшін аландауға уақыт жоқ деген сылтау болмайды. Дерек бойынша, елімізде әрбір бесінші бала буллингтен жапа шегуде.

Елімізде 12 миллионға жуық адам әлеуметтік желіні белсенді түрде тұтынып, ғаламторды қарайды екен.

Мәжіліс кибербуллингке қатысты заң нормасын талқылауда шетелдік онлайн платформалардың өкілдері біздің елімізде болуы керек деген талапты алып тастады. Ал, Еуропа елдерінде өзге мемлекеттердің онлайн платформаларының өкілдіктері бар. Сондықтан, Қазақстанның да әлемдегі әлеуметтік желілер мен олардың өкілдері арқылы байланыс орнатуы, балалар денсаулығына зиян келтіретін контентті алып тастауы қамтамасыз етілетін болады.

Қоғамда кибербуллингтен көрген қасіретін, қайғысын ішінде сақтағандар да жоқ емес. Бұл мәселе де тереңіне бойлауды қажет етеді. Психологтардың жұмысына бақылау жүргізіп, қадағалауды білім және ғылым министрлігі өз уақытында жергілікті уәкілетті органға, яғни облыстық білім басқармаларына өткізген екен. Осыны қайтадан министрліктің өз күзіретіне алып, реттеп жүйелеуді жүргізуі тиіс. Заңда білім беру саласының уәкілетті органына психологиялық қызметтердің жұмыс ережесін, баланы қудалаудың, яғни буллингтің алдын алуға арналған қағидаларды әзірлеп, бекіту жұмыстары жүктеліп отыр. Балалар арасындағы өз өміріне қол сұғушылық, басқа да зорлық-зомбылықтың өршуін болдырмауға психологтардың сіңіретін енбегі орасан.



Олардың кәсіби біліктілігін арттыру, көмектесу, қолдау жұмыстары көп кешікпей өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Балалар арасындағы кибербуллингті қадағалайтын сарапшылардың құрамына кімдер енуі керек деген сауалымызға айтарым, білім, ақпарат, медицина саласының мамандары, психологтар, ата-аналар, мұғалімдер, қоғам белсенділері болуы қажет.

Қорыта келгенде айтарым, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін әрбір қазақстандық жанаруды өзінен бастау керек, адал енбек етіп, жастарымызды, ұрпағымызды ұлттың сүйетін, туған жерін қадірлейтін азамат етіп өсіруіміз керек.

Бұл айтылғандар халқымыздың ежелден қалыптасқан құндылықтары. Бұлар «Жаңа Қазақстанның» құндылығы болып бағаланады. Президент Қ.К. Тоқаев бастамашылық жасап отырған конституциялық реформа да, мына алмағайып заманда қазақ елін сақтауға, берекемізді бекемдеуге, тіліміз бен дінімізге берік болуға, әлемдік бәсекеге қабілетті болуға бағытталып отыр. Осыны түсінейік ағайын!

Елдегі жағдайды айтқанда, біздер депутат келді, айтқанымызға «басын изеп кетті», «түк шешпеді» деген таптаурыннан да арылуымыз керек. Әрине, қойылған мәселелердің көбі күрделі, үлкен қаражатты қажет ететіндері де бар. Кейбіріне заңнамалық өзгерістер қажет. Сонымен қатар, жергілікті әкімдердің салғырттығынан наразылық тудырып отырған мәселелер де аз емес. Бұл жағдайлар біздің жауапкершілігімізді азайтпайды. Халық қамы үшін депутаттық мандатты аркалап жүрміз. Парламент қана емес, барлық депутаттар үшін талап осы.

Сонда ғана еліміз аман, жұртымыз тыныш болмақ.

Jas qazaq: Әнгіменізге рахмет. Халықтың талап-тілегі мен мұң-мұқтажын шешуде өзіңізге сәттілік тілейміз. Сіздің халықпен бірге «Жаңа Қазақстанды» құру жолындағы ісіңіз оңынан болсын!

Сұхбаттасқан
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

ТАРИН

Ұлы жеңіс

1941 жылдың соңы мен 1942 жылдардың басында әскери публицист Илья Эренбург қазақ жауынгерлерінің ерлігін суреттеген екі очеркін жариялады. Бірі – «Истрада», екіншісі «Қазақтар» деп аталды. Екінші жазбасында ол тұтқынға түскен немістің сөзін көлтіреді: «Бізге қарсы жаужүрек солдаттар соғысты. Оларды өшқандай от тоқтата алмайтын. Тура бізге қарай ұмтылды. Кейін олардың қазақ екенін білдім. Бұған дейін ондай халық бар екенін білмеппін».

ол сол майданнан қайтқанда, көпке дейін өзіне-өзі келе алмай, ештене жаза алмағанын айтады. Ржев шайқасына қатысқан қазақтың қайсар жігіттерінен құралған 100-ші және 101 жеке атқыштар бригадасы жау жолына бөгет болғаны да шындық. Ұлы Женістің қарсаңында азапты шайқас һәм оның қатысушылары жайлы аз-кем айтуды парыз санадық. Он бес айға созылған ұрыстың сегіз айы тоқтаусыз неміс әскерлеріне төтеп берумен өтті. Бірінші Ржев-Сычѐв операциясының Калинин шебін генерал-полковник И.С.Конев, ал Батыс шебін армия генералы Г.К.Жуков басқарды. Олар генерал-полковник В.Модель басқарған немістің 9-армиясына қарсы соғысты. Сондай-ақ осы кезде генерал-фельдмаршал



мектептерге бардық. Мектеп алдына қос батырдың мүсіндері орнатылыпты. Мектеп дәулеті мен сәулеті үйлескен, алыстан менмұндалайды. Оқушылар тарапынан өнер көрсетіліп, Әлия мен Бауыржанның



Г.Фон Клюге басқарған фашистік «Орталық» тобы кеңес сарбаздарына қарсы тоқтаусыз соғысқа көшкен болатын. Алайда кеңес сарбаздары Мәскеу және Туль облыстарын, сондай-ақ Калинин және Смоленськ облыстарының біраз ауданын аса қаһармандықпен қорғап қалды. Осы ұрыста 777 мыңға жуық кеңес сарбазы қаза тапты. Ал армия генералы Жуков басқарған Екінші Ржев-Сычѐв операциясы («Марс» операциясы) үш аптаға созылды. 1943 жылдың қысында Модель армиясы шегінуге мәжбүр болды. Неміс әскерлерін шегіндіру операциясы «Буйвол» атымен тарихта қалды. Кеңес әскерлері жау қолын Мәскеуден 160 шақырымға шегіндірді. Бұл ұрыста 39 мыңға жуық кеңес сарбазы қаза болды. Ржев түбіндегі шайқас Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы ең қанқұйлы ұрыс ретінде тарихта қалды.

ШАЙҚАС ЖОЛДАРЫМЕН

Женістің 65 жылдығы қарсаңында қаһарман қазақ сарбаздарының құрметіне Ржев қаласында аумағы 1,5 мың шаршы метрді қамтыған Мемориалды кешен ашылған болатын. «Молодой Туд» елді мекенінде 100-ші және 101-ші атқыштар бригадасына арналған мұражай бой көтерді. Кешенді тұрғызу үшін Ақтөбе облысының бюджетінен 100 миллион доллар бөлінді. Сол кезде ескерткіштің ашылу салтанатына «Жеңіс пойызымен» қазақстандық делегация қатысып қайтты. Делегация құрамында Ржев түбіндегі шайқасқа қатысқан соғыс ардагерлері мен олардың ұрпақтары болды. Ржевке бару құрметі Боранбай ақсақал Смайыловтың ұлы Құралбайға бұйырды. Боранбай ақсақал екі мәрте «Данк» ордені мен екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің иегері болған. Әкесінің шайқас жолдарын көріп қайтқан Құралбай Смайылов былай делі: «Шымкенттен шерулетіп бізді пойызға шығарып салды. Жолай Қызылорда, Ақтөбе, Орал қалаларында аялдадық. Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың ескерткішіне соқтық. Сосын Сарытау (Саратов) қаласының көрікті жерлерін араладық. Еліміздегі 60 адамның үшеуі біздің облыстан болды. Орыс ағайындар бізді «батыр халықтың ұрпақтары» деп зор ықыласпен қарсы алды. Соғыс кезінде Ржев қаласында 100-ші және 101-ші қазақ бригадасы жанқиярлықпен шайқасқан екен. Онда қандастарымыздың 90 пайызға жуығы қаза болған. Бүгінде шайқас болған жерде ескерткіш орнатылып, 2000 бауырымыздың есімдері алтын әріппен жазылыпты. Арнайы мұражай да ашылған. Салтанатты жиынға сондағы қандастарымыз да келді. Барлығы да қазақтардың қайсарлығы мен темірдей төзімділігін айтып тауысар емес. Сол күні біздің атымызға қошемет пен мақтаулар жауды. Шейіт болған ағалар орнынан бір аунап түскен болар. Зеленоград қаласындағы Б.Момышұлы атындағы №229 және Мәскеудегі Ә.Молдағұлова атындағы

батырлығы сөз етілді. Мәскеуліктер осылайша бізді ерекше ілтипатпен шығарып салды. Мен өз арамызда «батырдың баласы» атандым. Өйткені менің әкем ғана жоғары дәрежелі медальмен марапатталған екен».

БАТЫРДЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

Енді Ржев түбіндегі шайқасқа қатысқан Боранбай Смайылов туралы айта кетейік. Ол кісі 1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Шарбұлақ елді мекенінде дүниеге келген. Мектепте 6 сынып оқып, соғысқа дейін колхозда түрлі жұмыс атқарды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Алматы қаласындағы атты әскерге қабылданады. 1941 жылдың желтоқсанынан бастап 1942 жылдың қарашасына дейін 100-ші атқыштар бригадасында, кейіннен 26-танк бригадасында, 156-атқыштар полкінде, 1944-1945 жылдары 256-атқыштар полкінде барлаушы, мерген, атқыш болды. 1945 жылдың наурызында жаракат алып, госпитальде емделеді. Жаракатына қарамастан, тағы да жанқиярлықпен майдан даласынан аттанып, 1945-1946 жылдары 156-26 атқыштар полкі құрамында соғысады. 1946 жылы туған жеріне



аман-есен оралады. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін 2-ші, 3-ші дәрежелі «Данк» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен және тағы басқа орден-медальдармен марапатталды.

Елге оралған соң қайтадан колхоз жұмысына белсене араласты. Озық қызметі үшін Мәскеуде өткен ауыл шаруашылық көрмесіне қатысып қайтты. Еңбегі еленіп, 1973 жылы «Еңбек ері» медалімен марапатталды. Жұбайы Орынша екеуі 8 ұл-қыз тәрбиеледі. Боранбай ақсақал 1982 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты. 1998 жылы 76 жасында дүние салды.

Бүгінде Шарбұлақ елді мекенінде «Боранбай Смайылов» атындағы көше бар. Сондай-ақ Ржев қаласындағы Мемориалды кешендегі қайсар сарбаздар тізімінде аты-жөні жазылған. «Молодой Туд» елді мекеніндегі мұражайда ақсақал туралы деректер жинақталған.

Жазушы Әнуар Исмаилов генерал Сабыр Рақымов туралы кітабында былай деп жазады: «Қазығұрт тауы маңындағы елді мекендерді аралағанда Боранбай Смайылов ақсақалды есіме аламын. Батыр ағамызбен дәмдес болған күндер мен кездесулерді ұмытпаймын. Ағаның жарқын бейнесі ел-жұртының есінде қалды».

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Керме

Тұңғыш Президент – Елбасы кітапханасында Қазақстан Қарулы Күштерінің 30 жылдығы мен Ұлы Отан соғысының батырлары Хиуаз Доспанова, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметованың 100 жылдығына арналған «Ұлы дала ұландары» көрмесі ашылды. Көрме «Қазақстан жолы» жобасының аясында ұйымдастырылды.

ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАНДАРЫ

Экспозицияда Ұлы дала батырлары институтынан бастау алған қазақ сарбаздарының жауынгерлік ерліктерінің көп ғасырлық тарихын бейнелейтін тарихи, мәдени артефактілер ұсынылған.

Бұл көрме тарихи жадыны сақтау, оның мұрасын жас ұрпақтың зердесінде қайта жаңғыртулы көздейді.

Елбасы кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат көрменің ашылуында сөйлеген сөзінде: «1992 жылғы 7 мамырда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» жарлыққа қол қойды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, бұл уақыттың ішінде біздің әскер толығымен қалыптасып, мемлекет тәуелсіздігі мен тұтастығының тірегі мен басты кепіліне айналды. Қазір біз куә болып отырған жаһандық ахуал мен геостратегиялық тұрақсыздық тұсында әскердің рөлі артып келеді. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасымен бүгінде Қазақстан Қарулы Күштерін одан әрі жаңғырту мен қайта



жақтандыруға бағытталған ауқымды реформа басталды», — делі.

Кітапхана жинағының материалдары әскери қауіпсіздік саласындағы тарихи мұраны қайта

жаңғыртып, заманауи Қарулы Күштерді құру призмасын, кешегі және бүгінгі батырлардың ерліктері арқылы бүгінгі қазақстандық мемлекеттіліктің ретроспективті көрінісін қалыптастырады.

Бақытжан ЕРТАЕВ, Халық қаһарманы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің генерал-лейтенанты:

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті — Елбасы кітапханасының басшылығы мен ұжымына Ұлы Отан соғысы қаһармандарының өмірбаяны мен Қарулы Күштердің тарихын дәріптейтіні үшін алғыс айтамын. Осындай іс-шаралардың арқасында біз жастардың бойында отансүйгіштік сезімін оятуға мүмкіндік алдық».



Көрме үш бөлімнен тұрады. 1 бөлім «Қазақ мемлекеттілігі тарихындағы батырлардың рөлі мен орны» деп аталады. Қазақ батырларының есімдері ғасырларға танба болып басылған, олардың ерліктерін Қазақстан елі мен халқы әлі күнге дейін дәріптеп келеді. Қазақстан аумағына жоңғар шапқыншылығы кезінде халықтан көптеген батырлар шықты. Сол кезеңнің данқты батырларының арасында Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Өтеген батыр, Наурызбай батыр және т. б. батырлар бар.

2 бөлім — «Ұлы Отан соғысының батырлары». Бұл соғыс Кеңес Одағының барлық халқы үшін орасан зор сын болды. Қасіретті сын-қатер кезінде бүкіл халық жауға қарсы жұдырықтай жұмылды. «Әйел» және «қару» деген



үйлеспейтін ұғымдар бірге тоғысты. Қазақстандықтар Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова ел тәуелсіздігі мен азаттығы жолында ерлікпен күрескен ұлы әйелдер ретінде халық



жадында мәңгілік сақталады. Аты аңызға айналған тұлға, қазақтың қаһарман ұшқышы Талғат Бигелдиновтің өмірі мен ерлігі Екінші дүниежүзілік соғыс жылнамасында мәңгілік тасқа басылды.

3 бөлім Қазақстан Қарулы Күштеріне арналды. 1992 жылы 7 мамырда сол кездегі Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлықтарға қол қойған болатын. Қазақстан әскері 30 жыл күрделі даму жолынан өтті.

(Өз тілшіміз)



«ШЫҒЫСТЫҢ САЙЫН ДАЛАСЫНДА ШЫЖЫҒАН ЫСТЫҚҚА ДА, ҚАҚАҒАН СУЫҚҚА ДА ТӨЗІМДІ, ӨР МІНЕЗДІ ӘЖЕТ ЖАНДАР ӨМІР СҮРЕДІ. АҚЫНДАР ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАУЖҮРЕК БАТЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖЫРЛАЙДЫ. БАТЫР ҮШІН НАМЫСТАН ҚЫМБАТ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ. ЖЕТІ МЫҢ ЖАУҒА ҚАРСЫ ЕР ТАРҒЫН АЛТЫ АРШЫН ҚЫЛЫШЫН ЖАЛАҢДАТЫП, «МЕН ҮШІН НАМЫС ҚЫМБАТ!» ДЕП ҰРАҢДАТҚАН.

АДАЛДЫҚТЫ ОТПЕН СЫНАЙДЫ. САБАН ОТТА ЖАНЫП КЕТЕДІ, БОЛАТ ШЫҢДАЛАДЫ. ҚАЗАҚТАР ОРЫСТАРМЕН ҚАТАР СОҒЫСЫП ЖАТЫР. БІЗ БІРГЕ ҚАЙҒЫРАМЫЗ, БІРГЕ ШАЙҚАСАМЫЗ. ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕНДЕ БІРГЕ ҚУАНАМЫЗ».

(Илья Эренбург, «Қазақтар», 1942 жыл, 18 қазан)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында Конституцияға өзгерістер енгізу жөнінде референдум өткізуді ұсынды. Елімізде референдум соңғы рет 1995 жылы, қолданыстағы Конституция бекітілгенде өткен. Кейін «Республикалық референдум» туралы Конституциялық заң қабылданды. Алайда ол іс жүзінде қолданылған жоқ. Содан кейін Ата заңға төрт рет түзетулер енгізілді.

Мемлекет басшысының айтуынша, референдум ер азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік беріп, жан-жақты демократия мен жаңа Қазақстан құру бағдарын нығайтады.

КТК телеарнасының тілшісі, әріптесіміз Асқарбек Қазанғап пен саясаттанушы Мақсат Жақаудың сұхбаты Конституцияға енгізілетін өзгерістерге арналды.

А.Қазанғап: Конституциялық кеңес Президент ұсынған жаңа толықтыруларды қарауға алды. Ол бойынша 33-бапқа түзету енгізіліп, екі баптың атауы өзгермек. Сонда Ата заңымыз бұрынғыдан басқаша болмақ па?

М.Жақау: Қазіргі екінші республика деген ұғымның негізінде біздің қоғам демократиялық дамудың келесі кезеңіне аяқ басты. Президент өзінің алғашқы Жолдауында еліміз либералдық саясатты ұстанатынын айтты. Құқықтық жүйеде ол ең алдымен Ата заңнан басталады. Отыз жылда жасалған дүниенің теріс жағынан бас тартамыз. Әрі сол теріс жағынан сабақ аламыз. Конституцияның тұтас 33-бабы өзгеріп, қосымша екі бап жаңадан кіріп жатыр. Бұл Конституция жаңа даму сатысын қамтамасыз ететін құрылым болмақ. Сондықтан бүгінгі Конституцияға қарағанда анағұрлым айырмашылығы бар, яғни өзгеше. Себебі онда күзіреттер өзгерді. Институционалдық құрылым деңгейі тереңдейді. Жауапкершілік күшейе бастады. Адам құқығынан бастап, жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне дейін жалпы бағыттары өзгерді. Осының бәрін жіліктеп айтуымызға болады. Негізгі мақсат, «халқымның ертең емес, бүгін бақытты болғанын қалаймын» деп



Президент өз сөзінде айтып өткендей, сол бақытты болуды адам құқығынан бастап, жалпы бағыттарын саяси реформаның негізінде өзгерту болып отыр.

А.Қазанғап: Сөзіңіз аузыңызда, адам құқығы деліңіз, конституциялық сот құрылатын болды. Оның бұрынғы конституциялық кеңестен айырмашылығы қандай?

М.Жақау: Қазіргі жағдайда Конституциялық сот саяси орган емес, жоғарғы қадағалаушы орган. Конституциялық кеңес саяси кеңес болып саналады. Конституциялық сот кез келген азаматтың құқықтарының конституциялық деңгейде бұзылмауын қадағалайды. Мәселен, түрлі деңгейдегі сотта өзінің құқығын дәлелдей алмай тығырыққа тірелген азамат ең жоғары инстанция — Конституциялық соттың шешіміне жүгінеді. Бірақ кепілдік беретін — Конституция. Міне, енді осыны конституциялық деңгейге шығарып береді. Соған орай бас прокуратураның да күзіреті өзгеріп жатыр. Ол енді өтініш арқылы жұмыс істейді. Адам құқығы өкілеттілігі, Конституцияның күзіреті мен құқығы күшейеді. Тағы да сол Конституция адам құқықтары тақырыбын көтеретін болады.

А.Қазанғап: Жалпы біздің азаматтарымыздың құқықтық сауатын қалай бағалайсыз?

М.Жақау: Басты мақсат — сенім көпірін орнату ғой. Билік халықтың сеніміне ие болу үшін бүкіл заңнаманы өзгертіп жатыр. Ол жай ғана заң емес. Ол — конституциялық заңдар. Оның күзіреті жоғары болады. Ол конституциялық заңдарды қазіргі палаталардың біріккен отырысында анықтайды. Палатада кімдер отырады? Онда халықтың өкілдері отырады, яғни халықтық өкілеттік өзінің жергілікті өкілеттіктерінің мүддесін сол жерде толықтырып, бекітіп отырады. Ал конституциялық сот осының барлығына дұрыс тұжырым беруі тиіс. Мысалы, бұрын конституциялық кеңес деңгейінде қолжетімсіз дүниелер көп болатын. Ал енді конституциялық сот қазіргі қарапайым азаматтан бастап, оның құқықтарын толық қадағалап, соның дұрыс орындалуын басқарады. Керек десеңіз, сайлау кезінде Конституцияның бұзылмауына, референдум өткізу сияқты мәселенің барлығына конституциялық сот жауап беретін болады.

А.Қазанғап: Өзіңізге белгілі, суперпрезиденттік басқарудың орнына Парламент өкілеттілігін кеңейтуге басымдық берілмек. Соған орай Мәжіліс пен

Сенаттың қызметінде өзгерістер болатын шығар?

М.Жақау: Мәжіліс — заң шығарушы палата. Көп жағдайда заңды талқылап, бекітуге жібергенде Сенаттың оны қабылдамай, кері қайтаруға құқығы бар. Сол құқық қазір де сақталған. Мұндағы өзгеріс мынау: Мәжіліс заң кері қайтып келген жағдайда, жұмыс тобы оны қайта қарайды. Бірақ нәтижесінде заң жобасын тікелей биліктің өкілеттігіне ұсыну да Мәжілістің күзіретінде. Бұл арада белгілі бір тепе-теңдікті сақтау талап етіледі. Сенат та өзінің заңнамалық көзқарастарын ұсына алады. Мәжіліс те солай. Демек саяси тепе-теңдік сақталады. Өйткені Мәжілісте халықтың

ғой. Міне, мықты парламенттік функциялар осындай маңызды бөлшектерден құралады. Бақылаушылық күзірет күшейтіледі. Бақылаушы күзіретін күшейту — қазіргі Президенттің де, халықтың да күткен мүддесі, арман-мұраты.

А.Қазанғап: Президент Аманат партиясынан шығып, тораға ретіндегі өкілеттілігін тоқтатты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдегі билік партиясынан кетуінен қандай өзгеріс күтеміз?

М.Жақау: Бұл — үлкен қадам. Бұл — зор саяси жігер. 30 жылда еліміз барлық жағынан дамыды. Бірақ қазір Президент өзінің қызметтерін бөліп беріп жатыр. Өйткені саяси монополиядан ада болып,

саны көбейді. Оның көптігі артық болмайды. Қырғызстандағы соңғы сайлауға он партия қатысты. Біз де партия санын көбейтсек, жаңа саясаткерлер шығады.

А.Қазанғап: Дегенмен осы өзгерістерден кейін жаңа Парламентке сайлану үшін белгілі бір партияның мүшесі болу міндетті емес қой?

М.Жақау: Ол әрқалай болады. Бір партияның мүшесі болуы мүмкін. Жеке мандатпен шығуы мүмкін. Мұндай үрдіс 2004 жылғы сайлауда болды. Мұның бәрі партиялық съезде анықталады. Жеке адамдар аудандық немесе облыстық деңгейде өтеді. Қалай болғанда да, адамға таңдау мүмкіндігі беріліп тұр ғой.



Мақсат ЖАҚАУ:

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА ХАЛЫҚТЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІН ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕДІ

өзі сайлаған депутаттар отырады. Жан-жақты пікірлер тоғысқан орын Мәжіліс болғандықтан, заң шығаруды оның да күзіретіне беру көзделіп отыр. Тағы бір мәселе — Мәжілістегі депутаттық корпус өзгеріп жатыр. Өзіңіз жақсы білесіз, Қазақстан халқы Ассамблеясының тоғыз депутатының мандаты алынады. 98 мандат қалатын болды. Оның өзінде де пропорционалдық партиялық тізімнен келеді. Қалған 30 пайызы мажоритарлық мандаттық жүйемен

саяси бәсекелестікті күшейту керек. Бәсекелестік арқылы елге, Парламентке саяси бағдарламалар келуі керек. Сол арқылы еліміз өркендейді. Сондықтан Президент өз шешімімен бас партиядан шығып отыр. Жалғыз өзі емес, облыс әкімдері, оның орынбасарлары да шығады. Аманат партиясы да басқа партиялар сияқты тең мүмкіндік алаңына шықты. Ертең сайлауда да тең мүмкіндіктерді пайдалану керек. Ешқандай әкімшілік

А.Қазанғап: Соңғы түзетулердің жергілікті әкімдер мен мәслихатқа да тікелей қатысы бар. Қазір енді өзін-өзі басқаруды дамытуға басымдық берілмек. Мысалы, бұрынғыдай жоғарыға жалтақтамай, мәселені жергілікті деңгейде шешуге жол ашылады. Осындай өзін-өзі басқаруға жергілікті әкімдік дайын деп ойлайсыз ба?

М.Жақау: Біз баяғыдан дайынбыз негізі. Тек соған мүмкіндік беру керек. Мысалы, жергілікті өзін-өзі басқару идеясы аяқ астынан шыққан жоқ. Кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Алдымен қоғамдық кеңес құру туралы ұсыныс жасалды. Олар аймақтық деңгейде құрылды. Енді мына жаңа конституциялық реформа арқылы мәслихаттардың жергілікті өзін-өзі басқару деңгейі күшейтіледі. Жергілікті мәслихаттар қарауындағы қаржыны белгілі бір нысанға жұмсайды, яғни бұл — жеке дербестік қаржыландыру. Мұндай құқық бұрын-соңды болған емес. Екіншіден, бұрын аудан, ауыл әкімдерін қаласа алып тастап, қайта тағайындайтын. Енді Президент бір немесе одан көп кандидаттарды алып келеді де, мына облыстың әкімін ұсынамыз дейді. Мәслихаттағылар қай үміткерге дауыс берсе, сол әкім болады.

А.Қазанғап: Жаңа реформалар бірден жемісін бере ме? Өз сұрлеуін табу үшін, халық оның нәтижесін көру үшін қанша жыл, қанша уақыт керек деп ойлайсыз?

М.Жақау: Оның бәрі біздің ниетімізге байланысты. Алға қойылған міндет



келеді. Халық сенім артқан тұлғаларына, қайраткерлеріне дауыс береді. Кезінде талай адам солай келді ғой. Мысалы, Мұхтар Шаханов, Амангелді Айталыны халық қолдады. Жұрт өз мүддесін қорғайды-ау деген қайраткерлерге сенім артады. Бұл деген билікке сенім арту. Себебі заң шығарушы — билік. Сондықтан осы билікке халық тікелей атсалысуын Конституция қамтамасыз етеді.

А.Қазанғап: Бәрімізге белгілі, атқарушы биліктің қызметін бақылау функциясы Мәжіліске жүктелген. Шыны керек, бізде болары болып, бояуы сінгеннен кейін «мына жақта жол салынбай қалыпты, мына жақта су жүргізілмей қалыпты» деп қолымызды мезгілінен кеш сермеу жиі орын алады. Жалпы мынадай тәжірибені енгізуге бола ма: бір жақта жұмыс жүріп жатқан кезде, соны қадағалайтын комиссия құру сияқты мүмкіндік бар ма бізде?

М.Жақау: Бізге жаңа Конституция сондай мүмкіндік береді. Мысалы, есеп комитетінің орнына қазір жоғарғы аудит палатасы құрылып жатыр. Ол жылына екі рет есеп береді. Қаржылық есептерден қай бағдарлама бойынша, қай мәселе қандай деңгейде шешіліп, қай ақша жұмсалып, қай ақша жұмсалмай жатыр. Мәселе неге шешілмей отыр. Осының барлығы, сіз айтқандай, Мәжілістің бақылаушы қызметінің, жауапкершілігінің артқандығын көрсетеді. Себебі жауапкершілікті өз мойнына алу үшін жоғарыда айтылғандай, суперпрезиденттіктен мықты Парламенті бар басқару платформасына ауысып жатыр

ресурстарды қолданбау керек. Студенттерді, мұғалімдерді пайдаланбау керек. Құқық қорғау органдары Аманат партиясының да, басқа партиялардың өкілдерінің құқығын қорғайды. Міндеттері мен қызметін сақталады, тең дәрежелі демократиялық бәсекелестік орнығады. Діттеген мақсат та осы.

А.Қазанғап: Ал «Адал» партиясының Аманат-қа қосылғанын қалай түсінсек болады?

М.Жақау: Енді бұл өмірдегі процесс қой. «Адал» партиясы мен Аманат партиясы өзара солай шешкен шығар. Олардың күзіреті бар, шешімі бар. Сондай шешім шығарғандықтан, олар қазір Аманат-қа барып қосылды. Кезінде де «Отан» партиясына «Асар» партиясы кірді ғой.

А.Қазанғап: Партияны құру да онтайландырылды. Бұрынғыдай, 20 мың емес, 5 мың адам тіркелсе, жеткілікті. Сіздіңше, ел ішінде партиялардың көбейгені дұрыс па? Саны көп, ісінің нәтижесі жоқ болмай ма?

М.Жақау: Саны көп болмаса, сапа қайдан шығады? Саяси партияның, саяси плюрализмнің көп болғаны дұрыс. Мысалы, мына жерде қазір екеуміз отырмыз. Ал егер 6-7 сарапшы отырса, айтылатын пікір көбейеді. Саяси партиялар да дәл сондай. Сан қилы пікірден ортақ шешім шығады. Конституциялық реформа халықтың саяси мәдениетін жаңа деңгейге көтереді. Саяси мәдениеттілік арқылы саяси институттардың



қандай деңгейде шешіледі, сондай деңгейде нәтижесін көреміз. Президенттің конституциялық реформасы бюрократияны азайту, қоғамның саяси сауатын арттыруды көздейді. Әр азамат саналы түрде өз ісіне өзі жауап беруі керек. Депутаттар өзіне дауыс берген адамдардың алдында жауап беруі тиіс. Ертеңгі күні олар өзіне жүктелген міндетті орындай алмаса, жарты немесе бір жылдың көлемінде сайлаушылар өз дауысын қайтарып алуға құқылы. Сол сияқты әкімге де сенімсіздік білдіру құқығы бар. Міне, осының барлығы жаңа конституциялық өзгерістерге еніп отыр.

А.Қазанғап: Әнгімеңізге рахмет!

АИМАQ

Құрмет

(Басы 1-бетте)


АУРУХАНАДАН АРБАМЕН ШЫҚТЫ

Ол отбасындағы перзенттің үлкені, балдәурен балалығын алаңсыз өткізді. Мектепті бітірісімен жоғары оқу орнына түсіп, мұнайшылық кәсіпті менгерді. Жоғары білім алған соң Маңғыстау кен орнындағы бұрғылау компаниясына жұмысқа орналасты. Тәжірибелі мамандардың ақылын тыңдады, үйреткенін жадына түйді. Басшылардың тапсырмасын орындауда елгезектік танытты. Алайда толғауы токсан мынау тіршілікте алдында нендей сынақ күтіп тұрғанын кім болжай алсын. Берекет те әр ауысым сайын жұмысына, одан кейін туған жері Құлсары қаласына жетуге



бірін жүрекпен де ұғына алады ғой. Бисермен картина өруге қызықканын түсініп, үйретуге тырысқан қытай әйелінің ымдауымен бір-екі өрнекті әдемі түсірген Берекет кезекті емін алуға дәрігер бөлмесіне жөнеле берді. Ол дәрігер емінен кейін бөлмесіне беттеген сәтте өзін әлгі әйелдің қызы күтіп отырғанын білген жоқ. Сол қыз Берекетке ақ десте беріп, бисермен картина тоқуды үйрете бастады.

ҮМІТІН ҮЗБЕГЕН ӨРНЕК



Қытай қызы қазақша сөйлей алмаса да «Сенің қолыңнан бәрі келеді, әдемі картина өресің» дегенді жүрегімен сездірді. Содан бері Берекеттің қолынан көрген жанды сүйсіндіретін әдемі картиналар туындалы. — Бұл менің өмірім деуге болады, — дейді бүгінде жүзге жуық картинаның авторы атанған Берекет Ақжігітов.



— Бисермен картина тоқуға қызығушылығым артты. Әсіресе, қытай мәдениеті, табиғат көріністері қызықтырады. Бәлкім, бұл біреулерге еріккеннің ермегі секілді көрінетін шығар. Бірақ мен үшін өмір сүруге талпынысымды оятқан өнердің, тіпті кәсіптің бірегейі деуіме әбден болады. Қазір Берекеттің қолынан бисер түспейді. Күні бойы осы құралмен картина тоқып отырады. Кейде тіпті тренажермен жасайтын күнделікті жаттығуларын ұмытып кетеді. Сөйтіп бір күннің 18-20 сағаты тез өтіп кеткенін байқамай қалады. «Қытайға дәрігерлерге қаралу үшін жыл сайын барып тұрамын. Сондағы клиникада да бисермен картина тоқуды тастаған емеспін. Бір күні менің картиналарымды сол жердегілер көріп, танданысын білдірді. Қытай тілінде айтқанын түсінбегенімді ұғынып, оң қолының бас бармағын жоғары көтерді», — дейді Берекет. — Бұл мені, шынымды айтсам, одан әрі шабыттандырды. Енді бұл өнер менің жан серігіме айналды.

Берекеттің өмірге құштарлығын оятқан өнері бастапқыда өз отбасы мен ағайындары арасында ғана белгілі болса, енді аудан, қала жұртшылығына таныла бастады.

БІР КАРТИНАСЫ – 400 МЫҢ

Кейіпкеріміз өнер көрмелерінен қалмайды. Күні кеше мүмкіндігі шектеулі жандар арасында өткізілген өнер

кешінде Берекеттің 2 картинасы сатылған.

«Қазір нарық заманы ғой, картиналарымды күрделілігіне, қиындығына қарай бағалаймын. Он бір ай бойы тоқыған шығармамды күні кеше 400 000 теңгеге саттым. Өнерді түсінетіндер танданысын жасырмай, ризашылығын білдіріп жатады. Бұл да бір бак қой», — дейді ол.

Берекет Ақжігітовтің қолынан шыққан әдемі дүниелерге танданбау мүмкін емес. Әр картинаның әсемдігі көзді арбайды. Бізбен әңгімесінде қайсар жігіт қазір шығармашылықпен қоса, үстел теннисін де менгеріп жүр.

«Денемді ширатуға теннистің көмегі көп. Қазір кішкене аяғымды ұстап орнымда тұра аламын. Алдағы уақытта тағы да ем алып, спортпен айналысуды жалғастыра берсем, жүріп кетермін. Үміт үзгім келмейді. Алланың берері таусылмаса екен», — дейді өзіне сенімді Берекет.

Иә, мүмкіндігі шектеулі болса да, тағдырдың қиындығына мойымай, қасқайып қарсы тұрар қайсар жандардың үміті үзілмесе екен деп тіледік.

Нүргүл НАСЫР,
Жылыой ауданы
Атырау облысы

Этнофестиваль

«Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағы аумағында «Сиверс алма ағашының гүлдеуі» атты этнофестиваль өтті. Шараны Алматы облысы мәдениет басқармасы, «Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы және «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының «Елді ашаршылықтан қорғау» өсімдіктер тізіміне Жетісу жерінен ғана 25 өсімдік енгізілген. Осы өсімдіктерді қорғау мақсатында Жетісу өңірінде 2005 жылы «Шарын», 2007 жылы «Көлсай көлдері», 2010 жылы «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ерекше қорғалатын аумақ ретінде құрылды. «Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағының құрылуына жерлесіміз, биология ғылымдарының кандидаты, профессор, академик Құралай Кәрібаева зор еңбек сіңірді. Этнофестивальге Құралай ханым да келіпті. Профессор бізге берген сұхбатында: «Біраз жыл Қазақстан Тұрақты даму және ұлттық экологиялық орталығының оңтүстік аймақтық бөлімінің басшысы ретінде Жетісу жеріндегі бірқатар жобаның жүзеге асуына қол ұшын бергенімнің өзі өмірімнің ең ұмытылмас сәті десем де болады. Сол қатарда Жетісуда «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының ашылуына тікелей

«Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағының директоры Марат Кабиев: «Ұлттық саябақ құрылғалы орташа есеппен жылына 30 гектар аумаққа сиверс алмасының көшетін егеміз. Кейінгі он жылда 300 гектардан астам жерге алма ұрығын септік. Алда тағы да 5 жылдық жоспарымыз бар. Өткен жылғы Президенттің 2 миллиард ағаш көшетін отырғызу тапсырмасымен биыл ағаш көшетінің ұрығы себілетін 28 гектарға тағы да 6 гектар жерді қосып, міне, бір апта болды, жоспарды толық аяқтап отырмыз», — дейді.

Шара аясында ұлттық және спорттық ойындар, жарыстар өтіп, этно-жәрменке және ұлттық колөнер бұйымдарының, кәдесый мен тәттілердің де саудасы ұйымдастырылды. Бұл шараларды «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» қоғамдық бірлестігі атқарды. Бұл бірлестік фестивалді ұйымдастыруға да қолдау көрсетті.

«Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Дина Бәкірова: «Біздің бірлестік бірнеше бағытта жұмыс істейді. Басты мақсат —



аймақтағы колөнер шеберлерін анықтап, олардың қандай өнер түрімен айналысатынын нақтылау. Колөнер шеберлерін облыстық, республикалық, халықаралық көрмелерге қатыстырып, жұртқа танылуына көмектесу. Туристер жиі келетін өңірлер, ұлттық саябақтармен келісімдер жасай отырып, шеберлердің колөнер бұйымдарын жұрт назарына ұсыну. Аудан орталықтары және «Қорғас» ерекше экономикалық аймағынан колөнер шеберлерінің павильондарын ашып, олардың дүниесін халықаралық деңгейдегі еркін сатылымға шығаруға қолдау таныту. Елді мекендерде экологиялық саябақтар салып, еріктілер жұмысын ұйымдастыру, жастардың қоршаған ортаны қорғау туралы білімін жетілдіру. Қысқасы, колөнер шеберлерінің жұмысын өркендетуге қатысты қандай бағыт болса, соның бәрімен жұмыс істеуге дайынбыз. Бұл жолы, міне, «Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағымен бірлесіп, этнофестиваль ұйымдастырып отырмыз», —

басшылық еттім. Көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі ретінде әлемдік деңгейдегі жобалардың атқарылуына инвестиция тарту арқылы ықпал етумен қатар, адамзаттың қоршаған ортаны қорғау жолындағы ұмтылыстарына өзіндік үлесімнің нәтижелі жетістіктерімен еріліп отырғанын мақтаныш етемін.

Жаңа табиғат паркінің ашылуы — экологтардың, орман шаруашылығы



саласындағы мамандардың, жұртшылықтың, мемлекеттік органдардың көп жылғы жұмысының нәтижесі. Өйткені саябақ ашылмас бұрын «Таудың жабайы алмасынан XXI ғасырдың бау-бақтарына дейін» деген тақырыппен Жоңғар Алатауының құрамына енетін таулардың толық картасы жасалды. Сол тұста бұрынғы 37 генетикалық резерваттың 11-і ғана сақталып қалғанын байқадық. Бұған тау баурайындағы жердің тиімсіз пайдаланылуы, тұрғын үйлер санының көбеюі кері әсер еткен, —

дейді әлемде 30 мыңнан артық мәдени алма сорты болса, Америка, Африка, Еуропа, Азия құрлығында өсетін алманың түп тегі саналатын Сиверс алмасы «Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағының аумағында өседі. Саябақ алаңының 1,5 пайызын Сиверс алмасының жабайы жемісті алқаптары алып жатыр. АҚШ-тағы Гарвард университетінде халықаралық генетиктер әлемдегі өсімдік атаулының ататегінің пирамидасын жасаған. Оның ең басында Жетісу таулы аймағында өсетін жабайы Сиверс алмасының гені тұр. Сондай-ақ оның Азия, Еуропа, Африка, Америка елдеріне тараған бағыты көрсетілген. Өкінішке қарай, өткен ғасырдың 60-шы жылдары алма бақтарын сорттандыру бағдарламасы мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тау бөктерлеріндегі жабайы алма ағаштарының көптеп кесіліп, отынға пайдаланылуы салдарынан осы табиғи алма бақтарының аумағы азайды. Табиғат жанашырларын алаңдататын тағы бір жағдай — орманның бүлінуі. Оған ормандағы санитарлық жағдайдың нашарлығын жатқызуға болады. Бір қуанарлығы, осыған дейін мемлекеттік парктерде орманның жаппай ауруға шалдығуы болған емес. Алматы облысы ірі өндірістік аймақ болса да, орман қоры өндірістен, өндіріс қалдықтарынан зардап шекпеген көрінеді. Қайта ұлттық саябақтар орман байлығын жыл сайын молайтып келеді.

Бағдарламаға сай этнофестиваль аясында Теректі өзенінің бойына киіз үйлер мен шатырлар тігіліп, онда жетісулық шеберлердің көрмесі қойылып, концерттік бағдарламалар көрсетілді. Облыстық Mergender Ordasy садақ ату бойынша шеберлік сағатын өткізді. Mergender Ordasy садақшылар федерациясының төрағасы Мұхтархан Абаған: «Ең алғаш ат баптап, үзенгіге шіреніп тұрып садақ тартуды біздің бабаларымыз ойлап тапқанымен, кейінгі дәуір сол өнерімізді ұмыттырып жіберді. Сол ақтандақты жою үшін екі жыл бұрын Mergender Ordasy садақшылар федерациясын ашып, жайлап жұмыс істеп келеміз. Өзім шетелдің 12 елінде болып, ол жақтағы садақшылардың өнерін көрдім. Соны аймағымызға енгізсек деген ниетте еңбектеніп



жүрміз. Жұрттың ықыласы жақсы. Қазір Алматы қаласы мен оған жақын орналасқан аудандарда дәстүрлі садақ атудан 4, жамбыдан 3 мектебіміз бар. Алдағы уақытта басқа облыс орталықтарында да өз сыныбымызды ашпақпыз», —

дейді. Қысқасы, этнофестиваль жоғары деңгейде өтті. Дастарханы кең, қолы ашық қазақпыз ғой. Сарқандықтар алыс-жақыннан келген қонақтарға ауылдың құрт-майын, кілегей-қатығын, сірнесін ұсынып, қонақжайлық тынытты. Таза табиғат аясында Теректі өзенінің суынан қайнатқан шәйге мандайы жіпсіген көпшілік арқан, садақ тартып, атқа мініп, бір жасап қалды. «Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағының қызметкерлері қонақтарды сиверс алмасы мол өсетін алқапқа көліктерімен қыдыртып, мәре-сәре болды. Бұл шара келесі жылы да сиверс алмасы гүлдеген кезде жалғасын табады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

асығушы еді. Осылай алаңсыз жүргенде 2010 жылдың 1 мамырында аяқ астынан өндірістік жаракат алып, аурухана төсегіне танылды. Сегіз күн бойы ес-түссіз жатты. Көрер жарығы бар екен. 9 мамыр күні есін жиыды, өз-өзіне келді. Бірақ ауруханадан мүгедектің арбасымен шықты.

БӘРІ БЕЙЖІННЕН БАСТАЛДЫ

Бұл орда бұзар отызға толмаған жас жігіттің жанын жаралаған өте ауыр күн еді. Тағдырдың мандайға жазғаны десе де, мұндайға екінші бірі шыдай бермейді. Құрбы-достарының ортасында жер басып жүре алмайтынына налып, мүжіліп кететіндерді де көз көрді. Берекет те қиналды, бірақ сыр бермеуге тырысты. Бұған, сірә, бала кезден байсалды мінезі әсер еткен болуы керек. Мүсіркей қарағандарды елең қылмады. Төніне түскен ауыр жаракат енді байсалдылықтан гөрі қиындыққа қарсы тұрып, өмірге құштарлығын қайсарлыққа ұластыра бастаған сынайлы. Сол қайсарлық алдымен дәрігерлер белгілеген жаттығулардың бірін қалдырмай орындауға бекіндірді. Шетелдік дәрігерлердің кеңесін тыңдап, шипа болар еміне де жүгінді. Бейжің қаласындағы оңалту орталығына барды. Қытайдағы сол орталыққа сапарының бірінде арбаға танылған әйелдің бисермен картина өріп отырғанын көрді.

Бір-бірінің тілін түсінбесе де, тағдырдың қиындығына төтеп беруге ұмтылған жандар бір-

Естелік

«...Қоңыр күз еді. Ақ жауын себелеп тұр. Жол лайсан. Алтай өңірінің ең бір жүден шағы, көңілсіз шағы. Соқыр тұман оның биік сілемдерін жым-жылас қып жұтып қойыпты. Енді бөктерлеп келіп қанат жайып, күргейлеп алған. Тау да бірте-бірте аласарып, адырлы жота-қыратқа айналып, шөгіп бара жатқандай. Әр жерде селдіреген ойдым-ойдым шок ағаштар болмаса, етекте бұрынғыдай ну орман да жоқ, үркіп барып, сонау жоғарыдағы алқым-алқымдарға тығылып қалыпты...».

«...Бейуақ. Қарағайлы шатқал арасындағы ауыл үстіне бұлт үйіріліп, ығы-жығы үйлері алакеуімденіп қана көрінеді. Аула тандырларынан от ұшықны жытылдайды. Анда-санда иттердің мыңқ-мыңқ үргені, әлдеқайда аухалаулап сиыр іздеген жалғыз-жарым дауыс болмаса, ауыл жым-жырт...

Кешкі тымық ауаны жара шыққан ән мені елітіп әкетті. Қоңыржай, баяу үн... Самарқау самал еседі. Желектің тарқатылған ұшындай жана түлеген селеу басы әлсіз лепке изен-изен етіп бас шұлғиды да, қалтырап барып тына қалады...».

Сұлу-сылдыр сөзге емес, жанды суретке толы бұл үзінділер — біздің буынға «Қоңыр күз еді» хикаятымен жол бастап келген Қалиханның қарға аунаған сайын құлпыратын алтайы қызыл түлкі сынды көркем теңеулерінің бірер мысалы.

«Қоңыр күз еді». «Қоңыр күз» қазақтың көне сөзі болса да, бұл хикаяты Ысқақұлы Қалиханның қазақ әдебиетіндегі төлқұжатына айналып, мысалы маған Қалихан мен Қоңыр күз егіз тәрізденгелі қашан!.. Бірін естігенде екіншісі есіме еріксіз түсетін... Қайран құрдасым Қалихан мен уәй, шіркін, Қоңыр күзді қантамырым лүпілінен жаңылғанша бір-бірінен ажыратпасын!

Құрдастардың фәниге бір жылда келсе де, бақиға бірі ерте, бірі кеш аттанатыны — өкінуге болса да, жазғыруға болмайтын жазмыш. Айырудудың ауыр салмағын мұнда қалғаны көтереді. Тақырып тере әңгімелесуіміз де, шымшып-шаншып әзілдесуіміз де жарасқан құрдастарым: Жүнісов Сәкен серіден, Мырза Әли Қалырдан, Молдағалиев Тұманбайдан, қыранқабақ акын інім Иманасов Сәкеннен, «кәриятпа» қалжың ағытып жүретін інім Ильясов Қажығайдан... көз жазғаннан кейін кеудемді кеулеген кезекті суық құйын Қалиханның тынысы тоқтағанын естіген сәтте болды...

Әлеміше ақсақал кейпінде күрек тісі аксиып ортамызда жүруі сирей бастағанында жаз шыға «Нива» автокөлігіне бұт артып, Топкайынына тартып кететінін білдім. Әлбетте, жаз шыға. Онда інілері тұрғызып берген самалды сәнді үйі бар. Кейде бәйбішесі Дәмеші екеуі, кейде немерелерімен барып, жайлауға бергісіз жасыл әлем төрінде аунап-қунап, бетінде түйіршік май қалқыған сары да дәрі қымызға бөгелі екен. Алматыға келген соң хабарласып: «Қара шалды жоғалтып алдың ба?» деп күлетін. «Ондағы ескі көздерінің бірімен ымдасып қалып, кемпірің дертенді қайырған жоқ па?» дедім бірде. Ол әдеткі қырылдақтау күлкісін алға салып, сонсон: «Күлдекен маған ондай «талант» бермеген, так что кемпөшкөм әрқашан алансыз», — деді.

Келесі жолы ауыл сапарын әңгімелеп отырып: «Бұл — бір қызық дүние. Мен маусым туа барып, Қатын қарағайдың қарын қайтып келместей етіп қуып тастаймын, бірақ ол бәтшағар да беріспейді, қазан туа мені Алматыға қайтарып жібереді», — деп күлді.

Екеуімздің анда-санда пікір таластыратынымыз бар-ды. Сол жолғы себеп ресми «Қатон (*қатуи*) қарағайды» оның «Қатын қарағай» дей бергені болды. «Неге олай дейсін?» десем, ол: «Қарағайы бойжеткен қыздай сымбатты болған соң, біздің қазақ әйелін «қатын» деген ғой, содан «Қатын қарағай» деп атаған» дейді. Мен: «Мұның қате. «Қатты қарағай» деген, немесе үйірлеп өскендіктен қотанға ұқсатып, «Қотан қарағай» деген шығар?» деп едім, ол: «Сен алтайлық болсаң да, қатынқарағайлық емессің, менімен саудаласпа! Жарайды, ерінбей жөнін айтайын: көне скиф-сактардың «қатуны» — қазақтың «қатыны». Білгін келсе, тағы айтайын: бүгінгі «Лена» — оларша «Ана», ал «Обь» — «Апа», «Енисей» — «Анасай» болған» деді.

Қазақтың ғана емес, түркі әлемінің тарихы, дала-қала, жер-су аттары «мәжілісіміздің күн төртібіне» қойылғанда, Қалиханмен «саудаласып» пайда таба алған емеспін. Сірә, бұл жағынан да ешкімге есесін жібермеген шығар.

Екеуіміз бірде Шыңғысхан хақында «жағаласып қалдық». Сөзді мен бастадым: «Ай, қара шал, Шыңғысхан жайында анық мағлұмат қашан болар екен? Бір жақ оны «қанішер болды, бәлен қаланы қиратты, түглен мың адамды қырды» дейді. Ол жақта хан емес, Шыңғыс Айтматов, Әуезов емес Мұхтар Шаханов және басқалар бар. Ал екінші жақта тарихшы Мұхтар Мағауиннің отряды. Бұлар: «Шыңғысхан бабамыз түрік тұқымдылардың басын қосып, көне замандағы Түрік империясын қалпына келтіруді мақсат етті» дейді. Тарихшы болмасам да, дұрысын білейін, көне, сөйлеші! — дедім. Ол күмісі аралас күрек тістерін «көрмеге қоя» күлді де: «Аласа жігіт, есінде болсын, дүниежүзілік мәдени тірлік те Алтайдан басталған. Бастаған — көктүріктер. Олар адамзаттын алғашқы көктем құсы болған. Ығылым заман өмірдің ор-ылдыын, ыстық-суығын көбейтіп, түрік балалары таулардан асып, дарияларды кешіп жеткен жерлерінде қалып, ақырында бірнеше ел болып кеткен. Сол түріктің бір баласы — Шыңғысхан өз тұсындағы ұрпақтан бастап түрік тұқымдыларды біріктіріп, қайтадан қуатты-құдіретті ел жасау үшін атқа қонған. «Бөлінгенді бөрі жейді» дейміз ғой, әне, заманның құбылысына қарай бөлшектелген бабаларымызды барған жерлеріндегі қаны басқа полекеттер билеп-төстеп алып, дінінен, тілінен, әдет-ғұрпынан айырған. Шыңғысхан халқын сол теперіштен құтқаруға кірісті.

Кейініректе саған арнап, тәптіштеп «лекция оқырмын», ал әзірше токетерін айтайын: Шыңғысханды одан таяқ жеген орыс, қытай, т.б. жатжұрттар жамандады, әлі де жамандап жазып жатыр. Біздің тарихшылардың көне тарихтың бертіңгі беттерін ғана шолып, өздері шола да алмағандары орыстың керауыз тарихшыларының ізінен шықпай, солардың сарқытына мәз болып, «пәлен де түглен тарих» дегендерді малданып әлек. Жамандағыштардың бәрі дерлік Шыңғысханды — Түріктің, оның бір бұтағы қазақтың Ұлы қолбасшысын, саясат сақасын «түрік емес, қазақ емес» десіп, анаған-мынаған телуде. Мен осы тақырыпты жеріне жеткізе әділ талдаған бір көне кітаптың барын біліп, содан көшірме жасатып алмақпын. Құдай бұйыртса, сен оның менен кейінгі екінші оқырманы бол, жарай ма?», — деді әдетінше сақал-мұртын сауа жымындап. «Әй, қара шал,



Қара шал

кетік жігіт, мен «аласа жігіт» болған соң, сенің алдына түспей жүрмін ғой?» дедім. Екеуіміз көңілді күлкімізді жарыстыра тарастық.

Қалекеміздің денсаулығы «еркелеп», әсіресе, бар болғыр аяғы бөлденіп, ыркына көнбей, үйден шығуды қойғанын естіп, шілде айының бас шенінде үйіне барып, Дәмеші үшеуіміз бір сағат шамасы анау да мынау көңілді жәйттерді әңгімеледік. Сонау бір жылдары Дәмешінің маған телефон шалып: «Жігітімді «үйден шықпа, романыңды жазып бітір!» деп қалдырып, есікті сыртынан бекітіп, өзім круизге кетіп барамын» деп қалжындағаны бар еді, сол жігітінің енді үйден өздігінен шыға алмай отырған күйі жүйкемді шабақтады. Екі күннен кейін Қалихан телефонымды қоныраулатып: «Ай, аласа жігіт, саған бір поручение бар» дей бергенінде: «Қара шал, тоқтай қал. Алдыңды орай айтайын, саған қой сойып апарып тастауға тіпті уақытты жоқ» дедім. Ол ашыла күлді де: «Осы қалам ұстағандардың қатарында біз, отыз бесінші жылғылар, жиыны нешеу екенбіз, соны анықтап, маған ертен доложить қылыс» деді. «Ертеңі бітпейтінді тапқан екенсің, екі минутте есебін беремін, кіліре тұр» дедім. Ол тағы да күлді. Жазушылар анықтамалығын дереу сүзіп шығып, деректі қағазға түсіріп алып: «Ау, кетік жігіт, осмелюсь доложить, біз жиыны жиырма жеті болған екенбіз, бүгінде жетеуіміз бармыз» дедім, көңілімнің құлазы қалғанын аңартпауға тырысып. «Солай ма!... е, әзірше осы да жетеді ғой, сау бол, қысқа жігіт!» деп телефонын жапты...

Мен оны әншейінде: «Қалихан» деп атап, қалжыңға кезек тигенде: «Қара шал», күміспен күптеген маңдай тістерін «малсынбай» «Кетік жігіт» дейтінмін. Ол мені «аласа жігіт», «қысқа жігіт» дейтін. Қалихан Мемлекеттік сыйлық алғанда құттықтап үйіне барып, жана кітабымды мына бір «жырымды» тіркей сыйлағанмын:

«КЕТІК» ЖІГІТКЕ

Әлі есінде: әзілдесің «ДОС...» жүрді, Ал «АҒАЛАР...» ақыл айтты ықтап. Сыр құтырды «БҰҚТЫРМАНЫҢ САРЫНЫ», Басқа тұрғай, тауқыметті «ТҰЙЫҚКА».

«ҚАРА ОРМАНЫ» қалың ойдан серпілді. «ҚОҢЫР КҮЗІ» сұңқылдатты аққуды. «ҚАРАШ-ҚАРАШ»... кино көші жөңкілді, Бетке алып «ЖЕР ЖӘНАТЫ — АҚСУДЫ».

Бәйбішекең, тауып табар баласын, «Круиз» деп шаулап кетті жер-көкті, Өзі болса, оңашада қалған соң, Терең толған қара сөзбен жыр төкті.

Үкімет пен Жазушылар одағы Оялды да (оятқан соң) басқан қалың ұйқыдан, Он жыл бұрын алаутығын сыйлығын Он жыл кейін алды бүгін ҚАЛИХАН!

ЫСЕКЕННІҢ ырысты ұлы, сөз расы: көксемеді, тілемеді, сұрамады «құдайлардан» сый-құрмет! О, бауырым! Әрқашанда аман болсын отбасың! ТАЛАНТЫҢ бар! ТАЛАНТЫҢДЫ ТАНЫҒАН: АЛТАЙЫҢ бар, ХАЛҚЫҢ бар, АЗАМАТҚА ОДАН АРТЫҚ НЕ КЕРЕК?!. 1993 жылы, қаңтардың 24-і.

.....
(Алғашқы екі шумақта бас әріппен жазылған сөздер — оның кітаптарының, әңгімелерінің аттары.)

Кетігім оқып шығып, басын шайқай күліп: «Кәртейгенде кәрібоздан жорға шығатыны» рас екен. Мына аласа жігіт жасы алпысқа жакындағанда, міне, ақынға айналды», — деп үй толы жұртты ду күлдірген...

Қалиханның қара сөзбен жыр төккені оқырман қауымға аян. Ол құдай берген түймедей талантының, таудай талабының арқасында ана тілінің уызына жарып, қыр-сырына қанып, «қазаққа қара сөзде дес бермеген» Қаламгер болды. Үлкен-кіші шығармаларының қайсысына үңілсең де, тіпті орыс, шетелдер классиктерінен жасаған аудармаларын оқысаң да, көнермес көркем тіл құнарына тәнті боласын. Мысалы, «Аксу — жер

авторсыз өлең таратылды. Ұйымдастыру күшті болған ғой. Үзіліс кезінде құрылтай делегаттары далаға шыққан. Шағын-шағын топ болып, баяндама, Қалихан Ысқаковтың қылығы, айтиссөз туралы өзара пікір алыса бастағандары сөзсіз. Біз — бес-алты жас жазушы — Қалиханды ортаға алып: «Уай, жарадың!» деп қауқылдаса бастағанымызда, жанымызға жатаған бойлы аудармашы бір ағамыз екпіндеп жетіп келіп (*ол да — марқұм*), Қалиханға бір көзін аса, бір көзін баса қарап, сұқ саусағын безеп: «Сен дұрыс жасамалдың! Оның көргенсіздік болды!» деді. Менің де кейде кезексіз суырыла қалатыным болушы еді: «Көркем әдебиетті насихаттау бюросын бос сөздің құм құдығына айналдырғаныңыз үшін орныныздан алып тастаған Әнуарды атарға оғыңыз болмай жүр-ау!» дедім. Жолдастарымыздың бір-екеуі мыр-мырсы күлді. Қалихан оң қолының сұқсаусағын ағамызға туралап тұр, ал ағамыз маған төменнен зілдене ырсыып қарап: «Тауып айттым» демексін ғой?!» деген сәтте Қалихан: «Әй, шал!» деп зірк етті. Шалы селк етіп, жалт қарады. Қалихан: «Сен маған біздің ауылдағы кержәк шалдарша қыдыып ақыл айтып құр шаршама, әгәрәкі қазақтың шалы болғын келсе, сандалмай картаюынды ойла! Болды! Әне, әнеу коқыс астауларында жатқан «поэмаларыңды» теріп ала кет, бар!» деді нығыздап қатқыл сөйлеп. Ағекеміз төменшіктеп, бірдеңе деп мінгірлей бұрылып, бүкендеп кете барды. Тобымыз өсе қалған екен, бәріміз қарқылдап күліп жібердік. Әнуар Әлімжановты жамандап әлек болған байғұс «ақынның» кім екенін де білдік... Әнекең, әлбетте, екінші мерзімге сайланды (*қарсы дауыс бергендер он шақты ғана болды*).

2012 жылы-ау деймін, Әдебиетшілер үйіміздегі бір жиында жасы сексеннің жалын сипалаған Қалихан екеуіміз бар, төртеу-бесеуіміз Мәжіліс залының бірінші қатардағы орындығына жайғастық. Сонда «Қара шал» мені шынтағымен түртіп қалып, сыбырай сөйлеп: «Қысқа жігіт, бір кезде бұл қатар Сәбен, Ғабен, Ғабан, Баукен, Төкендердің меншігі еді ғой, енді, міне, оларға ұқсай алмай,

қойкиып-шойкиып біз отырмыз... «Алдыңғы толқын — ағалар, кейінгі толқын — інілер...», — деді. Ал жиын тарқап, Жазушылар одағы ғимаратынан шыға бергенімізде білегімді қыса ұстап: «Қысқа жігіт-ей, елге кетейікші... ауылға барып тұрайықшы... мен осы... шыным... айдалада жүргендеймін», — деді. «Сен шынында шал бола бастаған екенсің» деп күлдім.

Ол талбесігін тербеген Топкайының сағынып, ансап жүріпті-ау!..

Қайран Қалекел!.. Ата-бабасының, әке-шешесінің дауысы тұнып қалған, өзінің ізі өшпес өрнек болып жатқан ауылына жетпіс тоғыз жасында, 2014 жылы сарштамаыз айы туа, біржолда барып, жер бесігіне бөленді...

Әлі есімде, 2011 жылы қолыма «Клептократия» деген кітап тиіп, атын түсінбей анырып, «Словарь иностранных слов» деген нән қоңыр кітапты сөрөмнен алып, тансық болған сөзді іздедім ғой. Жок. «Клептомания» деген ғана тұр. Қызық. Шетелдің сөзі екені даусыз, ал арнаулы сөздікте жоқ. «Кітаптың ішінде автор түсінігі бар шығар, аптықпайын» деп іштеу қаулы қабылдаған сәтімде телефоным шылдырлай қалды. Қалихан екен.

— Аласа жігіт, қалайсың? — деді, әдеттегісінше «ых-хык» деп күліп.

— Кетік жігіт, ей, қай сәтте шылдырлатуды білесің, жүз жаса! — дедім.

— Иә, «құланның қасуына, мылтықтың басуы» болды ма? — деп күле түсті.

— Болғанда қандай, «клептократия» деген сөзді таба алмай, міне, шетелдік сөздердің сөздігін жырға жаздап отырмын.

— Шынында жоқ па?

— Жасырып отыр дейсін бе?

— Қызық екен. Тіпті ұқсас та сөз жоқ па?

— Бар. «Клептомания» деген.

— Әй, аласа жігіт, андағы сөздің соңғы жартысы маған керек еді, толық оқып жіберші. Саған керекті содан кейін тауып алармыз.

— Кержактардың көсемі білмейтін сөз де бар екен-ау, ә? — деп қағыттым. Екеуіміз де іздегеніміз табыла қалғандай-ақ мәз болдық. Оның ауылы мен кержактардың ауылы іргелес еді.

— Менің сөздігімді кіріп-шықшы жазушылардың бірі алып еді, кім екенін есіме түсіре алмай қойдым, бірақ әкеліп беретін шығар, сен жанағы сөзді оқышы, — деді. Оқылдым:

— «Клептомания (*гр. слово*) — болезненное непреодолимое стремление к воровству, развивается на почве некоторых психических заболеваний.

— Мәс-с-саған! Мен «мания» дегенді «мактаншақ, бөспе» деген жеңіл сөз шығар деп отырсам, ұрлықпен араласқан ауыр пәле болғаны ма? Аласа жігіт, әйтеуір сөздікпен алысып отыр екенсің, «мания» деген сөздің жеке өзін қарап жіберші!

— Мейлің. Көңілің қалмаған бала едің.

— Кетігім» қарқылдап күлді. «Маниясың» таптым, оқылдым:

— «Мания (*гр.*) — состояние болезненно-повышенного возбуждения при маниакально-депрессивном психозе...

— Демек «мания величия» дегеніміз — өзін басқалардан әлдеқайда ақылдымын деп білу болды ғой, ә? Қазақ тілінде токетері қалай болғаны сонда? Ол ма, ол... өзін зор тұту, өзгені қор тұту, ә? Саған керек болған сөзді, менінше, «өзін зор тұту» деп алу керек. Привет, аласа жігіт, тағы хабарласамын ғой, — деп телефонын бұқтыра салды. Қара шал, сірә, «манияның» мипалаулап мақала жазып отыр да, ойын суытып алмауға «тура жүгірді»...

...Тағдыры тарынбаса, былж жасы 87-ке толып, жұдырықтай ғана нағыз қара шал болып жүрер еді!..

Балалық шағымның бал күндері Атырау облысы Махамбет ауданында өтті. Ауылым — ерке сылқым Ақ Жайық өзенінің бойында, табиғаты көркем. Дүниеге егіз қыз келіппіз. Сыңарымды Алтыншаш, мені Қарашаш атаған екен. «Көз тимесін» деп әдейілеп әжем қойғанын кейін білдім. Ал құжат бойынша есімім — Сәбилә. Сыңарым маған қарағанда әдемі, қыр мұрынды өнді болыпты. Ал менің мұрным пұшық, қап-қара болған соң ба, көзге онша түспеген сияқтымын. Алтыншаш алты айлығында шетінеп кетті. Кішкентайымнан әжемнің қолында өстім. Ол

Сәбилә ӘБУЕВА, Қазақстан еңбек сіңірген әртісі
Алматыдағы мемлекеттік қуыршақ театрының актрисасы

Өмірімді өзгертті қуыршақтар



кісі мені «зекетім», «жаным», «көкем менің» деп еркелетуші еді. Шашымды неше түрлі етіп өріп, балабақшаға өзі апаратын. Бірақ шашымды әдемі өргенімен, кекілімді қысқа қылып кесіп қоятын. Сонда балабақшадағы тәрбиешілер «апай мынауыңыз дұрыс емес қой, бұлай шашын қимасаңызшы, қыз бала ғой», — деп жалынатын. Шашым қалың болса керек, кейде тіпті айдар қалдырып, болмаса ұл баланың шашына ұқсатып, тұлым істеп қояды екен. Сондағысы тағы да сол тіл-көзден сақтау үшін.

Қателеспесем, 1952 жылы болу керек, біздің ауылға Шара Жиенқұлова келді. Балабақшаға да соға кетті. Қонақтардың алдында бар өнерімді салсам керек. Ол кісі тамсанып, «мына кішкентай қызды Алматыға алып кетсек» деген екен. Сонда тәрбиешілер, «Ойбай, атаманыздар, ол қыздың әжесі өте қатал, рұқсат бермейді, өзіңіз сұрамасаңыз» деп жауап беріпті. Ол әңгіме әжемнің құлағына жетіп, «сендер менің қызымды өлтірмекшісіңдер ғой, қызымсыз мен қалай өмір сүрем» деп жіберменпті.

Балалық шағым өте бір қызықты сәттерімен есімде сақталыпты. Ақ Жайықтың жағасында өскендіктен, бізбен қатар балалардың барлығы суда жүзуге машықтанған. Бәріміз жүзуді де, сүңгуді де білеміз. Етегімізге қартопты толтырып салып, өзеннің арғы бетіне жүзіп барамыз. Арғы жағалауға барып, от жағып, күлге қартопты қақтап мәре-сәре болып жейміз. Ал әжем жағалауға келіп, мені күтіп, намазын оқып отыратын.

Мектепте жүргенде ер бала сияқты тентектеу болдым. Бірақ ерке болсам да,

ақылды бала болдым-ау деп ойлаймын. Бір күні бір сыныптас бала маған жаман сөз айтты. Қарымтасын қайтаруға бекініп, қолымдағы қаламды бір бүйіріне тығып алғаным әлі есімде. Бүкіл мектеп шулап жүріп, «енді бұлай жасасаң, әжеңе айтамыз» деп әжемнің қатал мінезімен қорқытатын.

Балалық шақта қыс мезгілінің де өз қызығы бар емес пе! Әжем арнайы қалың күпәйке мен шалбар тігіп берген. Әлгі киімді киіп алып, конькимен ары-бері өткен көлікке жармасып ойнаймыз. Бірде біз сияқты көлікке жабысып ойнап жүрген баланы көлік басып кетіп, содан кейін мәшинеге жабыспайтын болдық.

Мектепте оқып жүргенде шығармашылық үйірмелердің барлығына қатыстым. Біздің

Әсәлиевтер дейтін көршілеріміз болды. Отбасымен түгел мұғалім. Сол көршіміздің үлкен ұлы Алматыда оқыды. Келген сайын бізге кәмпитін беріп, басымыздан сипап: «Қарашаш, сенен түбі бір жақсы адам шығады» дейтін. Ағамыз сол кездері Алматыда журналистикада оқып жүрген кезі екен. Мен мектеп бітірерде келіп, аспандағы жұлдызды көрсетіп «Қарашаш, ана жұлдызды көріп тұрсың ба, кейін сен сондай жұлдыз боласың» деп айтатын. Ол кезде жұлдыздың кім екенін түсінбейсің, кәмпит жегенімізге мәз болып тұра береміз. Қалада білім алған ағамыз оқу бітіргеннен кейін оқыстан қайтыс болды. «Енді маған жұлдызды кім көрсетеді?» — деп сонда қатты жылағаным бар.

Алғашқы еңбек жолымды Атырау қаласында қазіргі Махамбет Өтемісұлы атындағы академиялық драма театрында бастағаным. Театрда би тобында биші болып жұмыс істейтінмін. Сол жылдары Алматыдан тәжірибеден өтуге екі актриса келді. Олардың «Өзің әп-әдемсің, неге



Алматыға барып оқуға тапсырмайсың?» деген сөздері үміт сыйлады. Ата-анам өмірден ерте кеткен. Өпкелеріме ескертіп, қарсылықтарына қарамастан, арман қуып Алматыға тартып кеттім. Оқуға тапсыруға әлі бірнеше ай бар екен. Жұмыс істейін деп шештім. Бір күні саябақ ішінде «қуыршақ театры» деген жазуға



көзім түсті. Театр, өнер деген сөз жүрегіме жақын болған соң, барып көруге шешім қабылдадым. Арнайы білімім жоқ, бірақ өнерге деген ықыласым ерекше. Жастық жалын ғой, шіркін. Қаймықпай барғанымды айтсайшы. Сол кездегі театр директоры Зұлқайыр Байсейітұлы: «Амансын ба, айналайын балам, кел», — деді. Ән айта алатынымды, билейтінімді

айттым. «Онда ертеннен бастап жұмысқа кел», — деді. Қуанышым қойныма сыймай үйге қайттым. Ол 1969 жыл болатын.

Бірге тұратын құрбыларыма: «Мен ұнадым ғой деймін шамасы, жұмысқа алды» деп сүйінші сұрап келдім. Ертесі күні жұмысқа келсем: «Мұнда қуыршақ жасау шеберханасы бар. Сіз сол жерде жұмыс істейсіз, өртістік құрамға штат жоқ», — деді. Сөйтіп менің ең алғашқы жұмысым қуыршақ жасау болды. Қуыршақтың барлық қимылымен, жасалу техникасымен осы шеберханада танысып, қыр-сырына қанықтым. Евгений Иванов, Галина Голото деген қуыршақ жасау шеберлерімен бірге жұмыс істедім. Жұмысты аса қызығушылықпен

істегендіктен, жарты жылдың қалай өткенін аңғармай да қалыппын. Шеберханада өміріме қажетті мол тәжірибе жинадым. Театрдағы актерлер айлап гастрольге кетеді. Цех мамандары мен карауыл орыс апалар қалады. Мен қуыршақтардың түрлі даусын салып, айналадағы апаларды қыран-топан күлкіге қарқ қыламын. Бірде актрисалардың біреуі декретке кететін болып, орнына адам іздеді. Театрдағылар бірден «Қарашаш бәрін біледі» деп мені сахнаға шығарып жіберді. Осылайша, алты айдан кейін актриса болып қабылдандым. Ең алғашқы ойнаған спектаклім — «Жомартпен болған оқиға» еді. Жомартты мен сомдадым. Міне, содан бері 54 жылдан асыпты, осы өнер шаңырағында бүгінге дейін жұмыс істеп келемін. 200-ден астам рөлді сомдадым. Жакында 75 жасқа толамын. Өнер саласына қосқан азды-көпті еңбегіміз еленіп келеді. Бүгінде балаларыма асыл ана, немерелеріме дана әжемін.

Жазып алған Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Деңгене



Қазақстанның оңтүстік жағында «деңгенені» қолданылуы басқаша. Бұл жакта 4-5 үй

бірігіп, бір малды ортақтасып сойып алады. Ол біткен соң тағы бір малды ортақтасып сояды. Сөйтіп кезектесе береді.

Деңгене — бірнеше халыққа ортақ дәстүр. Қырғыз тілінде бұл ұғым «Қонаққа ұсынылатын тағамның бірі» деген мағынаны білдіреді. Деңгене жеуге тек ер адамдар қатыса алады. Дәл осы дәстүр қарақалпақтарда кеңінен таралған.

«Қазақ энциклопедиясы», 1998

Балғын жеміс

МЫСАЛ: Диетологтар балғын жемістерді жеуге кеңес береді.

Балғын сөзі ауыспалы мағынада көбіне тірі жан иесіне қолданылады. Ал өсімдікке қатысты қолданылғанда, оның әлі толық пісіп-жетілмегенін білдіреді. Орыс тілінде жеміске де, басқаға да «свежий» деген бір-ақ сөз қолданылса, қазақ тілінде де бәріне қатысты бір-ақ сөз болуы керек деген заңдылық жоқ. Қазақша *жаңа піскен, енді піскен, жаңа сауылған, су жаңа, жап-жаңа, шым жаңа* деген сияқты, анықталатын сөзге қатысты өзгеріп келе береді.

ДҰРЫСЫ: Диетологтар *жаңа піскен* жемістерді тұтынуға кеңес береді.

Балық өндіру

МЫСАЛ: Жеке кәсіпкер тоған салып, жылына 30 тоннаға дейін балық өндіріп отыр.

Қазақ тіліндегі тіркесім заңдылығын, сөйлемнің мағынасын ескермеуден туындаған қате. Кен, металл т.б. өндіруге болғанымен, балық өндірілмейді, өсіріледі. Балық өнімін шығаруға болады. Ал өзі өндірілмейді, өсіріледі.

ДҰРЫСЫ: Жеке кәсіпкер *тоған салып, жылына 30 тоннаға дейін балық өсіріп* отыр.



Бар болған

МЫСАЛ: Бұған дейін екі боксшы қолғап түйістірді деген ақпарат бар болған.

Бар, болған сөздері қатар қолданылмайды. Себебі *бар* сөзі болу етістігінің мағынасын берсе, керісінше, *болу* етістігі де бар сөзінің мағынасын қамтитын кездері болады. Сондықтан сөйлемдегі *бар* және *болған* сөздерінің қатар қолданылуы мағыналық үйлесімсіздік туғызып тұр.

ДҰРЫСЫ:*Бұған дейін екі боксшы қолғап түйістірді деген ақпарат бар.*

Барлықтарын

МЫСАЛ: Барлықтарыңызды бірігуге шақырамын. Барлықтарыңызға не болған?

Барлық сөзі онсыз да жиынтық мәнді білдіреді және нысан біреу емес, бірнеше екенін көрсетеді. Оған көптік жалғауын қосудың қажеті жоқ. Ықшамдық үшін *бәрі* формасын қолданған тиімді.

ДҰРЫСЫ: *Бәріңізді бірігуге шақырамын. Бәріңе не болған?*

Барысында

МЫСАЛ: Пәтерге кіру барысында ешқандай отбасылық жанжалды анықтамадық.

Барысында сөзі ұзақ үдеріске қатысты қолданылады. Ал пәтерге кіру — қысқа уақыт аралығында болған әрекет. Одан соң «ешқандай отбасылық жанжалды анықтамадық» деген де дұрыс емес. «Анықтамадық» дегеннен гөрі, «анықталған жоқ» орынды болады. Өйткені жағдай болып, оны кірген адам қасақана анықтамай отырған жоқ.

ДҰРЫСЫ: Пәтерге кірген кезде *ешқандай отбасылық жанжал анықталған жоқ.*

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар сөздігінен

Белгілі сатирик, жазушы Берік Садыр-ға інісі

Кенже Әкімқожаұлының

қайтыс болуына байланысты қайғы-сына ортақтасып көңіл айтамыз.

Жас қазақ газетінің ұжымы

Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер: Мерген ТОҚСАНБАЙ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08) Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94) Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)	Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА
--	---

Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат <i>(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)</i> Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалалықов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1075; Бағасы келісім бойынша Таралымы – 5000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпанияы ұшақтарында бар.</i> <i>Жас қазақ газеті «Караван», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады</i>	Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	--